Академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі – ел тәуелсіздігімен үндесіп, құнды жәдігерлермен толыққан рухани орын. Өзіндік даму тарихын қалыптастырған музей академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғұмырнамасы мен ғылыми еңбектерінен сыр шертіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ғалымның өзінің қолы тиген жеке заттары орналасқан экспозициялық зал алыс-жақын шетелдерден келуші қонақтарды тамсандырып келеді.

Ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының негізін қалаушы әрі оның тұңғыш Президенті, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты, КСРО және ҚазССР Ғылым Академиясының академигі, жерлесіміз Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық музейі ашылуына 1964 жылдың жазында Баянауылда еңбек семестрін өткізген сол кездегі Алматы политехникалық институтының студенттерінен құралған Ғаділбек Шалахметов (1943 -2024), Ғалым Әбілсейітов, Сырым Бөкейханов, Юрий Кердод, Хозе Казыханов, Павел Атрушкевич құрылыс отряды мүшелерінің ынта білдірулері себеп болады. Сол кездегі политехникалық институт студенті Ғаділбек Шалахметов Алматыдан академиктің туған жеріне оның әйелі Тайсия Алексеевна Сәтбаева табыстаған заттарын, құжаттарын, фотосуреттерін әкелген. Осылайша экспозиция негізі қаланған болатын. Жергілікті басшылық музейге арнап Мәдениет үйінің бір бөлмесін берді. Музейлік бұйымдар саны уақыт өткен сайын артып, 1967 жылы Қаныш Сәтбаевтың мемориалдық музейі мемлекеттік мекемелер қатарына енді.

Қазақты әлемге танытқан, қазақ ғылымының бастауы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың Баянауылдағы музейінің қалыптасуына, академиктің қолы тиген көптеген жәдігерлердің жиналуына сол кездегі музейдің алғашқы директорларының бірі Әбильдин Төлеутай Әбжанұлының (1931ж.) орны ерекше. Ширек ғасырға таяу уақыт қызмет жасап, ғалымның өзі қолданған заттарын ғалымның жұбайы Т.А.Сәтбаевамен, туысқандары және балаларымен арнайы хат жазысып, Алматыдан алғызып, музей қорын толықтыруда ерекше еңбек еткен ағамыз еді. Төлеутай Әбжанұлынан кейін 20 жылдай музей директоры боп көп жыл қызмет жасаған Мусин Серік Мазанұлының айтуынша жәдігерлердің басым көпшілігін сол кездегі кукурузник деп аталған шағын ұшақ арқылы, реті келген кездері өзі арнайы барып поезд, автобус арқылы Баянауылға жеткізген. Бір сөзбен айтқанда Төлеутай Әбжанұлы музей ісінің нағыз фанаты болды.

1967 жылдың соңында музей қорына 715 экспонат жиналды, оның

ішінде экспозициялық витриналарда 465 экспонаттар көрсетілді. Музей қызметкерлері 1967 жылы 4 адамды құраса, оның ішінде 1 штат ғылыми қызметкер болды. Бірте-бірте музей жәдігерлерінің молая түскендігі, жастардың рухани тәрбиелеуде тигізер маңызының артуы ескеріліп, сол кездегі Павлодар облыстық Советінің шешіміне сәйкес Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың музейі ресми түрде ашылып, қызмет көрсете бастады.

1970-шы жылдары Баянауыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет еткен Даржұманов Қанат Болатұлының басшылығымен қазіргі музей ғимараты салынды. 1972 жылға қарай музей қорында 1189 экспонат жинақталғандықтан, музейдің жаңа ғимараты салынып, қайта құру жұмыстары жүргізілді. 1973 жылдың 1 қаңтарынан бастап ол дербес мекеме ретінде жұмыс істеді.

1989 жылы академик Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай бір қабатты музейге Орталық Азия стиліндегі жаңа әдемі екі қабатты ғимарат қосылып, әкімшілік ғимарат, қор бөлмесі мен 60 орыннан тұратын кинозал салынды. Осы жылы музейдің алдына академик Қ.И. Сәтбаевтың ескерткіші орнатылды. Шағын кітапхана мен қор сақтайтын арнайы бөлмелер











берілді.

Ұлтымыздың кемеңгер перзенті, ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға елу жылдан астам уақытын сарп етіп, біртуар ғалымның өмір жолын тартымды еңбегімен қазақ қауымына танытқан бірден-бір қаламгер – Медеу Сәрсеке. Атамыз 88 жасқа қараған шағында 21 наурыз күні өмірден өтті, Қаныш есімді немересінің қолында Астана қаласында тұрды. Медеу ағамыз «Бүгінде мен жеті қырдың төрінен Ә.Х. Марғұлан ғұламаның бұдан 45 жыл бұрын мойныма артқан тапсырмасын халқадірімше орындадым деуге, сірә, хақым бар (Әлкей ағайдың өзі 1981



жылы, Шәрипа шешеміз бен Қаныш аға қыздарының көзінше, Оразай Батырбековтың дастарханы басында: Қарғаш, діттеген жерімнен шықтың, «ЖЗЛ» -ден шыққан мына еңбегің дүйім жұрт қолынан түсірмей оқитын қадірлі кітап! Саған енді осыны қалыңдата беру мұрат болғай!... деп батасын берген-ді). Сол үшін де өзімді шығармашылық ой-арманы жүзеге асқан бақытты қаламгер сезінемін...» деп еске жиі алады екен.

Ұлығалым, академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейіне 2013 жылы демеушілік арқылы қайта күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Бүгінде музейде екі экспозициялық және 70 орындық конференц зал бар. Ғимараттың екінші қабатында «Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың артынан қалған өшпес ізі» атты қосымша зал ашылды.

Жалпы музей қорында 4975 жәдігер жинақталған, оның ішінде негізгі қор – 1630 құрайды.

Академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейінің құрамына М.Ж. Көпеев ауылына қарасты Ескелді шатқалында орналасқан әулие – ақын, философ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мемориалдық музейі және Торайғыр ауылында орналасқан ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мемориалдық музейі енеді.

Баянауыл ауылының орталығында орналасқан Академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі «Арқаның асыл моншағы» атанған құтты мекен Баянауланың көрнекті мәдени орталықтарының бірі болып табылады.

Ғалымның туған күні 12 сәуірде Ресей Федерациясы Томск қаласында атақты жерлесімізге арналған шараға өңір делегациясымен бірге музей басшысы Қайыргелді Абылғазин қатысып келді.

12 сәуір ғалымның туған күнінде музей қызметкерлері Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде өткен жатқан «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференциясына академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейінің «Қазақтың Қанышына 125 жыл» атты жылжымалы көрмесі халық назарына ұсынды.

Ғалымның туған жері Баянауылда музей алдындағы ескерткішке гүл шоқтарын қою, зиялы қауым өкілдері мен мектеп оқушыларының қатысуымен

кездесу өтеді.

17 сәуір күні Павлодар қаласындағы С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханасына және 19 сәуір күні Астана қаласындағы Ұлттық музейге көшпелі көрмемен барып, ғалымның жәдігерлерімен таныстырды. Аталған көрме Ұлттық музейде 3 сәуірге дейін болады.

Туған жері Баянауылда маусым айында үлкен тоймен атап өтіледі және Баянауылда халық соты болған кезде тұрған үйіне тақта орнатылады. «Қаныш және халық музыкасы» атты аймақтық ән конкурсы, «Ұлылардың ізі қалған» атты республикалық жастар керуені, Қарағанды, Түркістан, Алматы облыстарында өтетін «Қазақтың Қанышына – 125 жыл» атты көшпелі көрме, Сәтбаев каналы қызметкерлерінің қатысуымен «Ұлтының ұлы перзенті» атты дөңгелек үстел және «Менің халқым, менен әлдеқайда биік!» атты халықаралық ғылыми–танымдық конференциясын ұйымдастыру жоспарланған. Конференцияға Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық – зерттеу университеті, Ұлытау облысының М. Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі, Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының мемлкеттік архиві, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығынан және музейдің тарапынан Қ.И. Сәтбаев атындағы геологиялық институт пен Томск политехникалық ұлттық зерттеу университетінен арнайы шақырылған ғалымдар мен мамандары қатысады. Ханиса Сәтбаеваның баласы Әлима Жармағанбетова, Шәмшиябәну Сәтбаеваның немере жиені Айғаным Қадырова, Мейіз Сәтбаеваның перзенті Александр Третьяков, Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаевтың ұрпақтары Ғабдулғани, Солтан Сәтбаевтар және Данэль Әлкейқызы т.б. келеді деп жоспарланған.

Құлашы – кең, адымы – асқақ. Артына қалған мұрасы, сөзі – шетсіз, шексіз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - 20 ғасырдың ұлы тұлғасы! Оның өмірі-өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жарқын үлгісі!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Медеу Сәрсеке, «Феномен Қазақтың Қанышы». Астана- «Фолиант» 2018 -955 бет.

2. Ш. Сәтбаева – «Сәулелі әулет»: Алматы: «Қазақстан», 1996 - 173 бет.

РЕЗЮМЕ

История музея великого ученого Каныша Имантаевича Сатпаева.

ТҰЛҒА

Иманғазинов М.
Филология ғылымдарының докторы, профессор

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІМЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ІЗДЕНІСТЕРІ

Қай ақын-жазушы болмасын шығармасының айшықты, көркем, сонымен қатар шындыққа жанасатындай болуы үшін оған негіз болатын түйін, идея, сюжет іздейтіні белгілі. Онсыз өлең - әңгіменің не повестің көркемдік аясы, мазмұны, композициялық желісі жұтаң тартады. Мұндай жұтаңдық болмауы үшін қай елдің қаламгері де әр түрлі әдеби тәсілді пайдаланып, оқырманның жүрек қылын қозғайтындай шығарманы жарыққа шығарады.

Мәселен, орыстың классик жазушысы А.П. Чехов жолында кездескен небір қиындықтарға қарамастан, қай ортамен болсын етене араласып, соны өз көзімен көріп, сезіп, ой-елегінен өткізіп барып, шығарма жазуға беттейді. Бұған оның сан түрлі көңіл кілтін табар жүздеген туындылары куә. Айталық, ол «Шинель», «Хамелеон», «Ресейдегі дәрігерлік жұмыс» атты еңбегін жазды. Тұңғыш повесть, әңгімелер жинағы - «Мельпоменаның хикаялары» 1884 жылы шықты. Еңбектері: «Сахалин аралы», «Жуан мен жіңішке», «Қасірет», т.б. туындылары дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылып, әлем әдебиетінің алтын қазынасына қосылса, Ілияс 1925-1928 жылдары Мәскеу Коммунистік журналистика институтында оқыған кезінде Антон Чеховтың әңгіме-повестеріне, жазушылық өмір сүру принцип қағидасына қызығушылық танытады.

Ілияс секілді Чеховтың балалық шағы да өзгеше өткен. Басқа балалардай көшеде ойын қуып, қыдырудың орнына, ол таңғы бестен түнгі он бірге дейін бауырларымен бірге әкесінің дүңгіршегінде жұмыс істеген. Жұмыс істеп жүріп, гимназияда білім алып және цирк хорында ән де салатын.

Әкесі отбасы мүшелеріне қатал болғандықтан, Чеховқа тігіншілік өнерін меңгеруге тура келеді. Осылайша жазушының балалық шағы да, жастық шағы да өте ауыр өтеді.

Ал, Ілиястың әкесі де бала тәрбиесіне қатал болады. Балалық шағында қой-қозы бағып, өлең-жырдың, ауыз әдебиетінің бел ортасында жүріп, өзі де аздап өлең жазады. Бұл екі классик жазушының өмір жолдары параллель екенін көрсетеді.

Екеуінің кейінгі өмір кезеңдерінен де көп ұқсастық көруге болады.

Айталық, 1890 жылы Чехов Оңтүстік Сахалин аралдарына барып, барлық ауылдарды аралайды. Сол жылдары аралда жаңа қоныс аударушылар мен қылмыскерлер көп болатын. Сондай ауылдардың бірінде ол Сонька деген лақап атпен жақсы таныс әйгілі ұрлықшы Софья Блюфштейнді кездестіреді. Ол зергерлік бұйымдарды



Ілияс Ташкентте оқуда. 1920.



Ұлттық Республикалар жазушыларымен кездесу. М. Горькиймен бірге: екінші қатарда солдан оңға қарай: 4-Ілияс Жансүгіров. Қарқара жәрмеңкесі. 1930 ҚРОММ. 1938-Қор. 3-Тізімдеме. 163-Іс. 1-П.



КСРО жазушыларының I-съезі, Мәскеу, 1934 ж. (М.Горький, Л.Сейфуллина,І. Жансүгіров)



Екінші қатарда солдан оңға қарай отырғандар: Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев және т.б.

ұрлағаны үшін Сахалин аралдарында қылмыстық жазасын өтеген.

Жазушы кейін ол туралы «Сонька» деген әңгімесін жазса, Ілияс та 1922 жылы «Күң өлімі» деген әңгіме жазған.

Мұндағы ұқсастық - біріншіден, екі жазушы да өздерінің кейіпкерлерін көріп, біліп, сөйлесіп, содан кейін ғана жазуға кіріседі.

Жазушы өз туындысында ең алдымен, ықшам, мейлінше тұжырымды болу талаптарын, лаконизм заңдылықтарын ескерген. Талант күшін, дарын қуатын бейнелі образ, нақты сурет, картина арқылы көркем ой айтуға жұмсаған.

Ілияс жазған «Сандыбайдың күңі» - Алқаның бүкіл ғұмырын жиып-теріп шағын көлемге сыйғызу қаншалықты күрделі болса, кейіпкердің бейнесін соншалықты шебер суреттеген.

Антон Чеховтың «Сонька» деген әңгімесіндегі сюжет те Алқаның басындағы оқиғалармен ұқсас. Екі әйелдің басындағы трагедия бірінен кейін бірі тізбектеліп ұқсас өрнектеледі.

Чехов Софья Блюфштейннің айдаудағы күндерін уақыттың еншісінде қалдырып қоймай, оның бүгінгі жайын өткен күндермен байланыстырып көрсетсе, Ілияс әңгіменің алғашқы бөлігінен Алқаның өмірін, күнделікті тіршілігін, бүлдіршін балаларын бейнелейді.

Екінші бөлігінде «Айлар өтті, жылдар өтті. Дүние дөңгелегі тоқтаусыз өзінің зырлауында. Жас өсіп, жарлы байып, кедей бай болып, бай кедей болып, тұрмыс жаңадан жаңаға айналып кетті...» деп, талай уақыт өтіп, Алқаның қартайып, балаларының бойжетіп, ер жетіп қалғанынан хабардар етеді.

Өмір заңы өзгермейді. Күң - күң болып қалуы керек. Оның ел қатарлы тіршілік жасауы, өзімен-өзі өмір сүріп кетуі күңге жараспайды. Алқа сол Сандыбайдың отымен кіріп, күлімен шығуы керек. Оның санасы соған әбден үйренген. Балалары да сол. Байдың айтқанын екі етпей орындау - олардың әке - шешесінен қалған әдет. Тіпті, қызы Маржан он үш жасында Сандыбайдың кіші тоқалының төркіні Жапар тазға ұзатылып бара жатып «мен бармаймын» деген бір ауыз қарсылық сөз айту қаперіне кірмейді. Күң Алқа да үнсіз, ер жетіп қалған Қасен де үнсіз. Сандыбайға қарсы сөз айтуға «сүйектеріне таңба» түсердей қорқады. Қызынан түскен қалың мал да Сандыбайдың көп малының арасына қосылып, жұтылып кетеді.

Антон Чеховтың Софья Блюфштейні де өз еркі өзінде емес, иелері не айтса, соны орындауы шарт. Өйткені, тағдыр жайы солай. Екі кейіпкер де осылай суреттеледі.

Талай уақыт өтіп Алқа Маржанын сағынады, барғысы келсе де, қызының кеткен жағын, барған елін білмейтін, сұрап ала алмайтын сорлы күң. Анда-санда көзінің жасын сорғалатып от басында ғана сағынып жылайды. Кеткеннен кейін Маржанын көрген жоқ. Ешкімге де зияны жоқ, «...бөтен қатындардай не болса соны сөйлеп, өсек-аяңға үйір болмай, сөз реті келгенде ғане сөйлейтін», құдай алдында күнәсі болмаса да, Алқаның өзінен шыққан баладан тірідей айырылғанын жазушы шебер бейнелейді.

Көзінің ағы мен қарасындай болған жалғыз ұлы Қасен қасында ғой дегеніңізбен, оған да тағдыр дауылы соғады.

Сандыбай да, Жоңқабай да Алқа мен Қасенді алдап-сулап, бар жақсылықты сөзбен орнатып «бір айда қайтып

келесің», - деп, тіпті, күң мен оның баласын қорқытып, жасы толмаған жігітті әскерге жөнелтеді.

Күң жылайды, күңіреніп зарын айтады. Қасеннің қарасы үзілгенше арттарынан қарап тұрып, қара жерді құшақтап «мен енді айырылдым» - деп жылайды. Одан басқа не шара, қолынан не келмек? "Міне, содан бері Қасенді көрген жоқ" деп жазушы осы әңгіменің бөлігін аяқтайды.

Ия, Алқаның маңдайының соры қалың. Қызынан айырылғаны аздай, енді жалғыз қуанышы Қасен азулы екі аяқты арландардың кесірінен көзден таса болмақ...

Жазушы оны әңгіменің келесі бөлімінде баяндайды. Өміріндегі көрген қорлығы, қожайындарының кесірінен басына түскен ауыртпалығы жасы жетіп, сүйегі жасып, қайраты қайтып бұрынғыдай қызметке жарай алмай сүйретіліп жүруі жаныма батады. «Жасынан жылы төсек, үй көрмеген Алқаның қайратты денесі ауруға шалдығып денсаулықтан айрылған... нашарлаған... сыңқылмен дағдылы жер төсегіне ауру халінде мұз денесін төсеген...». Жазушы Алқаға деген аянышты қалыңдаған үстіне қалыңдата түседі. Бұған өмірдегі реалистік жайды шынайы, көркем бейнелей отырып, Алқаның сүреңсіз, күңгірт өмірін кей тұста табиғи деңгейде көрсетеді.

Басына түскен ауыр түнектен арылуы мүмкін емес. Өйткені қасында жанашыры жоқ. Енді Сандыбайдың өзі де, қатын-баласы да Алқадан жиіркеніп, жақтырмайтын болған. Күн суық, аяз, аңырайған шошалада жалғыз өзі. Мұнда от жағылмайды. Бұған ешкім келмейді. Жиіркенеді. Ішейін десе сусын жоқ. Жылынайын десе от жоқ. Боран үсті – үстіне үйлдеп жанын тоңдыруда. Үстіне жамылғаны – Сандыбайдың үйінің тозған туырлығы. Ыңырсып, ыңқылдап балаларын шақырғысы келеді. Бірақ оның дауысы боранның гу-гуіне араласып естілмейді. «Қасен!» деп қояды. Үн жоқ. Күрсінеді. «Жаным... Қасенім... Келдің бе?» - дейді. Көзі алайды. Еріндері тырысты. Күңнің өлгісі келмейді. Қасенін, Маржанын көріп бірақ жер жастанғысы келеді. Олар қайда, Алқа қайда? Шешелері өлім аузында, ал, өздерінің қайда жүргендері белгісіз. Олардың да күні осылай бітер ме екен? Белгісіз...А-а-а-h деді... Соңғы дем бітті, алайған көзі ажарсыз тартып, жарықтың жіңішке жабығына қарап нұры үзілді». Міне, "шығармада күң өлімі күңдікіндей болуы керек" деген идея қаламгерде о баста болғанын жорамалдасақ, оны шегіне жеткізіп шынайы, нанымды, көркем жаза білу жас жазушыға қанша күрделі болса да, қаламгердің бұл ойы іске асты деуімізге әбден болады.

Ілияс Жансүгіровтің «Күң өлімі» - қазақ әйелдерінің аянышты, жалшылық, күңдік өмірі туралы жазылған, сюжеттік және композициялық тұтастықты сақтаған, тілі шұрайлы, образдары дараланған шығарма десек жаңсақ кетпеген болар едік.

Әрине, мұнда Ф.Достоевскийдің «Обиженные и оскорбленные» атты повесіндегі кейіпкерлердің ұқсас тұстары бар екенін айта кеткен жөн.

Чехов өзінің шығармаларын бүркеншек атпен жариялағанды жақсы көрген. Оның 50-ге жуық бүркеншек аты болған. Соның ішінде ең танымалы Антоше Чехонте болған. Ал Ілиястың еңбектері «Оқшау сөз», «Шашауша», «Әзіл-оспақ» рубрикаларымен жарыққа шықса, өлеңдері мен әңгіме-повестерін, көбінесе, Матай, Құйқалық,

Балгер, Таңқыбай, Жа-жа, Сақа, Ағын, Салпаңқұлақ сияқты бүркеншек аттарымен шығаратын. Сонымен қатар, Ілияс Жансүгіров шығармаларына тақырыбы мен мазмұнына сәйкес орынды да ұтқыр атау таба білу шеберлігі ерекше екендігін атау қажет. Әр өлең, повесть-әңгімеге жақсы тақырып қою да оңай іс емес. Ол оқырманды туындыға тарту үшін де, сонымен бірге, тақырып атының қысқа, қарапайым, образды, күлкілі, идеясына лайықты, астарлы болуымен оқырманды қызықтырады. Бұл жағынан келгенде Ілияс алдына жан салмайтын болса, Чеховта әңгімеге тақырып қою жағынан Ілияспен ұқсас.

Ілияс сонымен бірге өз халқының ішінде талабы бар, болашағынан үміт күттірер бауыр-інілеріне ерекше қамқор болған жан. Сондай інілерінің бірі – Болатхан Тәшенов. Оның бойындағы талап-талғамын ескеріп, оны Мәскеудегі Түсті металл институтына оқуға түсіріп, әрдайым эссе - хат жазып, бағыт-бағдар беріп отырған. Эпистолярлық қара сөзбен жазылған жанрдағы туындысынан халқының болашақтағы үлкен биіктерге шығатынын, қазақ жұртының ешбір елден кем еместігін, ол үшін бірінші кезекте оқу-білім керек екенін әрдайым еске салып отырады.

Орыс классигі Чеховке келсек, ол да 100 жыл бұрын өз бауырына хат жазады. Маскүнемдікке салынған дарынды суретші рухани құлдырауға ұшырағанын көріп, оны осы жаман жолдан құтқаруға көп күш салады. Антон Павлович Чехов бауырының бұл әлсіздігін білген, әрқашан уайымдап, Николайдың өз дарынын жерлеп жүргеніне налыған екен. Ол: «Орыстың дарыны құрып барады, бұл тектен-текке емес» деп жазады. Оның өмір салтына қарны ашатынын айтып, оңдағысы келген. Бірқатар хаттарының ішінде Антон өзекті тақырыпты қозғап, ащы болса да, шындықты айтады. Әрбіріміз маскүнемдікке салынбасақ та, «мені ешкім түсінбейді» деп торығуды бастан кешіруіміз мүмкін.

«Сен жиі зарыңды айтатынсың. «Мені ешкім түсінбейді!» деумен келесің. Мұндай жағдайды бастан өткерген Гете де, Ньютон да зарын төкпеген еді... Сені бәрі де түсінеді... Ал өзіңді-өзің түсіне алмай жүруіңе өзгелер кінәлі емес...

Сенің жақын бауырың ретінде бар қайғы-зарыңды түсінемін. Сенің жақсы қасиеттеріңді де жазбай танимын, құрмет тұтамын. Ал егер сенбесең, дәлелдеп-ақ берейін. Меніңше, сен өте қайырымды адамсың, эгоист емессің, соңғы тиыныңмен де бөлісе аласың, шынайысың, көреалмаушылық пен қызғаныштан адасың, қарапайымсың, адамдар мен жануарларды аяйсың, залым емессің, кекшіл емессің, өзгеге оңай сенесің... Сен дарындысың, бұл қасиет өзгелерде жоқ. Бұл дарының сені миллиондаған адамнан биік қояды, ал әлемде 2 000 000 адам болса, соның ішінде біреуі ғана дарынды суретші...

Сол дарының сені әлемі бөтен бір жағдайға апарады. Сен тіпті бақа немесе бүйі болсаң да, сенің сол дарындылығың үшін бәрі құрметтейтін еді. Сенде бір ғана кемшілік бар. Сол кемшілік сенің қайғыңды, қате тұжырымыңды тудырып отыр. Бұл – сенің тым тәрбиесіздігің. Кешір, әрине, бірақ veritas magis amicitiae... Өмірдің өз талаптары мен заңдылықтары бар... Зиялылар қауымында өзіңді судағы балықтай сезіну үшін әрбір адам ең бірінші кезекте тәрбиелі бола білуі керек...

Дарындылығың сені осы зиялылар қауымына алып келді. Бірақ, сен бұл ортадан безіп кеткің келеді.

Сен сол зиялылар қауымы мен vis-a-vis тұрғындарының ортасында қалбалақтап жүрсің... Ауылдың көң иісімен өскен адамға бұл қиын, өте қиын, деп жазады жазушы інісіне.

Ілияс та өз бауырына жаны ашып, Мәскеуде маскүнемдер мен жезөкшелерден алыс жүруін еске салып отырады. Онда барып оқығандағы мақсат – жақсы білім алып, еліне оралып, халқына қалтықсыз қызмет қылуын қалайды.

Әрі-беріден соң Чехов деген жеке адам, жазушы ғана емес көркемдік ойдың жаңа сатысы, әдебиеттегі үлкен бір сарқылмас арна болып елестейді. Осы арна қазақтың жаңа ғана қаз тұра бастаған прозасына Ілияс Жансүгіров бейнесінде келді. Біз Ілиясты қазақтың Чехові деп мақтанышпен атай аламыз. Бірақ бұл сөзден Ілияс Жансүгіров Чеховке жалаң еліктеуші немесе Чеховтің қазақша көшірмесі деген ұғым тумаса керек.

Чехов ұлылығының бір сыры — оған ешкім тікелей, жалаң еліктей алмайды. Чеховке ұқсады деген жазушыларымыз — Чеховтің көркемдік, эстетикалық принципін ұстанады.

Чехов біздің бүгінгі әдеби тәжірибемізге де үлкен ықпал жасауда. Ауыл шаруашылығы, өндіріс туралы романдардың жасанды, дайын конструкциясын сындыруда схематизм мен штамптан арылуда Чехов өнегесінің орны ерекше. Өйткені, ол өмір құбылыстарын автор қиялында дайын тұрған шығарманың сюжеттік заңына иіп әкелген жоқ, әрқашан оқиғаның дамуын өмірдің өз логикасына бағындырды. Жұрт күнде көріп аңғармай жүрген нәрселердің ерекше сырын аша білді. Сөйтіп, ол жазушы көзі көре білсе — өмір деген дүниенің түпсіз терең екенін, оның алуан түрлі сарқылмас сыры барын көрсетіп кетті.

Ал, Ілияс Мәскеуде оқуда жүрген тұста оның өлең мен прозалық туындыларын жазуда Михаил Кольцов өз әсерін тигізгенін айта кеткен жөн. Ол Ілияспен тұстас, замандас, оның тағдырына тағдыры ұқсас Михаил Кольцов әңгімесін жазардан бұрын оны кеңінен пысықтап әр адаммен ерінбей – жалықпай әңгімелесіп, ақиқатына жетіп жазды. Тіпті, таксист өмірін танып-білу үшін оншақты күн таксист болғандығын өз замандастары растайды.

Ілияс та бұл әдеттен ада емес. Оның әр өлең мен әңгіме, повесін жазардан бұрын оған тыңғылықты дайындықпен келетінін шығармаларынан айқын аңғаруға болады.Ол үшін қай жерде болмасын қолы қалт еткенде, қасындағы серіктеріне әңгіме айтқызып өзі де соған қызу қатысып отырады.

Жай айта салу емес, оған үлкен мән беріп, майын тамыза көріктендіре айтқанды жөн көреді, ал өзімен әңгімелескен адамдардан естігендерінің ішінен қызықтысын, шұрайлысын әр деталіне дейін анықтап сұрап, өзінің жазар әңгімесіне де, повесіне арқау етеді. Бұл жөнінде елге танымал әртіс Қанабек Байсейітов Ілиястың шығармашылық машығын сөз еткен уақытта: «Әркім өзі білетін қызықты әңгімесін айтсын, ал әңгіме білмейтіндер, өзінің басынан өткен ең қызықты оқиғасын айтып берсін...» деген ұсынысын еске алады. Өзі айтып берген бір қанды оқиға Ілиясты да қатты түршіктіріпті. «Кейін сол менің айтқандарымның негізінде «Қожабек нәшәндік» деген әңгіме жазды. Ол басылып шықты да, бірақ соңғы бес томдық шығармалар жинағына кірген жоқ. Ол кісінің жазуына қарағанда менің айтқандарымның біразы өмір

шындығына ұқсас шыққан–ау деп ойлап қалам»,- деп шығарма арқауына айналған әңгімені еске алады.

Мәселен, Ілиястың «Жалаңаш жиналыс» әңгімесі Михаил Кольцовтың «Баня» деген сықақ әңгімесімен өте ұқсас келеді.

І. Жансүгіровтің «Жалаңаш жиылыс» сатиралық әңгімесінде: «Ширетте тұрған кісі қандай кең пейілді келеді: арық қойдай тырысып, баз біреумен ұрысып, баз біреумен жұлысып, теріміз тарылып, өзіміз жарылып кеткендей тұрмыз. Сіркеміз су көтермейді. Тек жуықтап кеткен адамға, бақырауық түйедей баж ете каламыз. Тіршілік түбі тартыс қой, адам өз тесігіне таласады да...

Михаил Кольцовтың «Банясында» да осы сюжет айна қатесіз суреттелген. Нөпір халықтың ішінде пысықайлардың кезексіз кіруі, оларды көрген ел бір-біріне дауыс көтеріп, дауласуы – шынайы суреттелген.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - қалай болғанда да моншасыз еш нәрсе маңызды емес. Кішігірім болса да оның адам өмірі үшін өте маңызды екені айқын. Ілияста да Михайл Кольцовта да осы жайт анық көрсетіледі.

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілиястың көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған. Табиғатынан дарынды жаратылған зерек бала ел даналығы дариясында еркін жүзіп, уызға жарып, асыл байлықты бойына сіңіре білген.

Ілияс Жансүгіров творчествосының сан қырлы стильдік жағынан өзіне ғана тән ерекшеліктері, характер сомдауы, оқиға іріктеу, оны қиыстыру шеберліктері, өмір шындығынан көркемдік шындық жасау ұсталығы, тіл байлығы ешкімге ұқсамайды. 1909 жылдан бері жарыққа шыққан «Күзгі гүлге», "Әнші апама" деген өлеңнен бастап, 1920 жылдарға дейінгі "Жетісу суреттері", "Ағынды менің Ақсуым" деген өлеңдеріне дейінгі аралықтағы поэзиясы туған жердің сұлу сазды бейнелері, Жетісу жерінің әр түрлі табиғаты көзге ыстық, көңілге жылу ұялатады. Олар қазақ қауымының, қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік, адамгершілік идеяларды толғайды. Сол "Жетісу суреттерін" жазарға дейінгі кезең қандай еді?...

Бұл сұрақ кез-келген адамның көңілін сан-саққа жүгіртіп, түрлі әсерге жетелейді. Ия, бұл классикалық туындының шығуы, миллиондаған адамның жүрек қылын шерткені де жасырын емес.

Жастық шағында Ілиястың қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері ақынның нәзік жүрегін қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастауы шамамен 14 жастан басталады. Күнде көріп жүрген айт пен тойдағы өлең-жыр, айтыс, жыршылар төгілтіп айтатын қисса қанша қызық болғанмен, оның жас қиялына ерекше әсер етіп, орасан зор ықпал жасаған Абайдың лирикалық туындылары еді. Әсіресе оның ең алғаш қолына түскен Абайдың «Жазғытұры» өлеңі оған жай таптырмайды. Әуелде дос-жаран, құрбы-құрдасқа әзіл-сықақ өлеңді бірден ауызша айтып тастайтын, кейін өзі де өлең шығарып, ақындық әлеміне ерте бет бұрады.

Оның үстіне хат танитын болғандықтан, шағатай тілдеріндегі

кітаптарды жинайтын, аңыз-ертегілерді, батырлық жырларды, тарихи оқиғаларды, әңгіме-шежірелерді жақсы білетін, көкірегі ояу, көзі ашық, әр түрлі өнерді ұстаған әңгімеші, домбырашы, ұста, көшелі Жансүгір анасынан ерте қалған Ілиясты жетімсіретпей, еркелетіп, жақсы үлгі көрсетіп, әдебиетке жақын етіп тәрбиелеп өсіреді. Өз үйінде әкесінен хат танығандықтан, одан соң молда алдын көрген Ілияс біраз уақыт Қарағаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектептен оқып, әр түрлі пәндерден сабақ алады.

Ілияс шығармашылығындағы қайнар бұлақтың тағы бір көзі - орыс әдебиеті. Бұл бұлақтан ақын әуелі Абай арқылы нәр алса, кейін орысша түп нұсқалардың өзінен оқып-сусындайтын болды.

Мектепте Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Крылов, Державин өлеңдерін оқып, толық түсінбесе де, оның ішкі мазмұнына үңіле бастайды. Оған мектепте орыс тілін үйреткен Барлыбек Сырттанов еді. Кейін отызыншы жылдары Пушкин шығармаларымен көбірек шұғылдана отырып, Лермонтов, сияқты ақындардың да өлеңдерінен аз-кем аударады. Онда лирик ақындардың туған жерге деген ынтықтығы мен сағынышы, көркемдігі мен поэтикасы ақын жүрегіне өзіндік із қалдырғанын өлең жолдарынан аңғара аламыз. Бұдан кейін сананы тұрмыс билеп, шаруа күйттеп, тіршілік қарбаласына араласып кетеді.

Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі — табиғат лирикасы екені әмбеге аян. Туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген шынайы ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан нәр алып, сан алуан бояулы буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық мекен-жайы танылатын - «Ағынды менің Ақсуым» туындысы.

Табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін «Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы таң», құбылысты көз алдыңа әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас» секілді өлеңдердің сан алуан үлгілері бар. Натюрморт, этюд, эскиз сипатындағы туындыларында астарлы ой, символдық бейне, ишарат образдар толымды идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын-әуездерді тудырады.

Ал “Жетісу суреттері» өлеңіне көңіл қойсақ, оның ішіндегі жазылған түп деректер мен оқиғалардың бірқатары архив материалдарынан алынған. Туған жер қанша ыстық болса, оның шүйгінін, сұлу мекенін, жат жұрттықтар аяусыз талап, асты-үстін иемденіп жатқаны жанына ауыр салмақ түсіреді, көңіліне кірбің ұялатады, өйткені туған жердің келбеті, болмысы ақын жүрегіне жақын. Мәселен, “Жетісуда жер мол” дегенге бүкіл Ресей дүрлігіп, осы жаққа көше бастайды. Орыс жаулап алған күннен өз бетімен Жетісуға шұбыра көшіп жатқан крестьян келімсектері сеңдей соғылысады. Сөйтіп, Жетісуды орыс жаулағанда алдымен ең сулы, жайлы жерге орыс қалалары салынады. Одан қалғаны тараншы, дүңген секілді халыққа беріледі. Одан қалған жақсы жер жылдан – жылға қазынаға алынып, Ресейден көшірілген келімсекке беріледі. Міне, сондықтан баяғы көшпелі қазақ – қырғыз әлі көшпелі болып, егін салып отыра алмай, өз жері мен суына өгей болады. Келімсектерге өкімет “өзің сүйген жеріңе отыра бер” дегенге, бұлар өз беттерімен қазақтың даяр тұрған, жайлы жайлауына басып қоныстанды. Судың ең көмейіне қала салынды. Тоған, егіндіктің тәуірлері қазақ қолынан

тартып алынды. Жер-судан айырылған қазақ кедейленіп, аяқты малдың өрісі тарылды. Егінші боп күн көруге жайлы жері, суы жаттың қолына кетті. Әлгі келімсектерге малай болды. Мұның үстіне әр жерден базар ашылып, ел ішіне саудагер, алыпсатар толып, «қазақ шаруашылығы жаншылды» деген деректерден Жетісу жерінің талан-таражға түскенін аңғаруға болады. Бұл жайт Ілиястың «Жетісу суреттерінде» символ, емеурін, жасырын бейнеде көрсетіліп, әр бөлімдерінде орын алған.

Бұл мәселе ақынның «Дала» поэмасында да кездеседі. Ақын тарихи деректі өзіне тән шеберлікпен көрсетеді. Оны құрғақ сөзбен айта салмай, Тарих шалдың аузымен айтқызады. Ол Қорқыт ата сияқты ұзақ ғұмыр кешкен қария. Қазақ халқының 300 жылдық тарихын негізгі өзек етіп алып, оны көпті көрген атаның айтуымен бүкіл тарихты алдыға жайып салады. Негізінен, Ілияс Жансүгіровтің архив материалының үштен бір бөлігі қазіргі кезеңге дейін жарық көрген шығармаларының түп дерегі, жазылу жайының күретамыры. 15–ке тарта қалың бумаларда (папкаларда) Ілиястың өз қолымен жазған 12 қойын кітапшалары мен дәптерлері жатыр. Оны ақтарып, оқып қараған адамға әлі де талай тың деректер жатқаны сөзсіз.

"Жетісу суреттері" өлеңі Ілиястың ең айшықты шығармаларының бірі екендігін майталман әдебиетшілер әлдеқашан мойындаған. Өз тұсында академик Мұхтар Әуезов бұл шығарманы бағалап былай деген еді: «Мен Ілиясты бұрын білуші едім, өлеңдерін оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол - "Жетісу суреттері" өлеңін оқығаннан кейін» деп жүрек жарды көңілін білдіреді.

"Жетісу суреттерінде" ақын 52 тіршілік иесін атап өтеді. Өлең жолдары былай келеді:

«...Мінеки, Алатауға біткен торғай:

Қара, боз, суық, бұқпас, сипті, шымшық,

Шапшақай, майлық, маубасбұқа, шөже,

Тоқылдақ, сан-сапалақ атаулысы...»

Ал аң атаулыдан: сілеусін, ілбіс, ау, бұғы, бұлан, қасқыр, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, қарақұйрық, суыр, марал т.б. болса, жыртқыш құстардың ішінде, тазқара, балтажұмар, құмай, жұртшы, су бүркіт, лашын, тұйғын, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ тағы басқа да құстар мен қазірде ұмыт болған ағаш-шөптердің атаулары өлеңде ерекше жарасым тауып, табиғи түрде орын тепкен.

«... Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,

Ақ сасық, қызыл қайың, барша шынар.

Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,

Үйеңкі, сырғай, балғын, тораңғылар,

Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен,

Тобылғы, түйеқұйрық бауыр құрттар,

Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,

Сықылды ағаштардың талайы бар.... - деп Жетісудың бай, шүйгін табиғатын жырға қосады.

Тегінде, "Жетісу суреттері", «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісуда су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» тәрізді бес бөлімнен, 333 жолдан тұратын көлемді туынды. Бұл шығарма асқан шебердің қолынан шыққан, құлпырып жайнаған, ерекше жазылған қазақ поэзиясындағы еш қайталанбас

құнды туынды екеніне күмән жоқ.

Шашыранды туындылар емес, ақын табиғат пен адам байланысының диалектикасын көрсететін шығармалар шоғырын, өлеңдер циклын дүниеге әкеледі. Бұлардың ішінде балалар талғамын ескеріп жазылған, ырғақты, сөздері ойнақы, жаттауға оңай, тақпақ үлгісіндегі «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» (1923) өлеңдерінде жыл мезгілдері, табиғаттағы өзгерістер еңбек әрекеттерімен сабақтас бейнеленеді.

Табиғат суреттері, адам портреттері, мінез қалыптарын ашуда жазушы реалистік биікке көтерілді. Юморлық, сатиралық кейіптеулерде, Жетісу жерін бейнелеуде көркемдік қуат бар. Жазушының суреткерлік күші барымта, жұт сценаларын, билер дауы, молдалар айтысын, жұмысшылар ортасын бейнелеуден жақсы көрінеді.

Германияның ұлы ақыны және ең керемет ойшылдарының бірі Иоганн Вольфганг Гётенің есімі адамзат мақтан тұтатын ең үздік есімдер қатарына жатады. Оның өмірі мен шығармашылығы феодалдық, дворяндық-монархиялық Европаны буржуазиялық-капиталистік Европаға өзгерткен соғыстар мен революциялар катаклизмімен тығыз байланысты.

Жеңіске жету риясыздығы емес, керісінше, барлық мүмкін жолдармен және тәсілдермен шындықты қоймай іздестіру, шындық үшін күресу – Гётенің жан-жақтылығын істе көрсетті. Гёте поэзия туралы пайымдауында: «Әлем қаншалықты ұлы және бай, өмір қаншалықты көп қырлы. Менің өлеңдерімнің бәрі жағдайдан туған. Олар шындықтан шабыт алған, соған негізделген, соған құштарланған» – депті. Оның түрлі әдебиет жанрлары мен ғылыми пәндерге жүгінуі әрдайым мазалаған сұрақтардың шешімін табуға ұмтылысымен тығыз байланысты: жоғарғы мақсатқа ғана ұмтылып, адам қалайша өмір сүру керек?

«Шексіз, дыбыссыз сөйлейтін табиғатпен қарым-қатынасқа түсе отырып», оның «ашық құпияларын» құмарта түсініп, Гёте адамзаттың тарихи тұрмысының «жұмбағын» шешуге де ұмтылды.

Ілияс Жансүгіровтің өмірі де осындай қайшылықтан тұрады.

Гёте жастық шағынан өмірінің соңына дейін қарапайым халқын жан-тәнімен сүйді, оның еңбегін, күші мен адамгершілік қуатын құрметтеді. Халық арасындағы кемістік пен мардымсыздықтың ешқайсысы оны тоқтата алмады. Ол адам бойындағы пасық неміс болмысынан, ажырамас кедейлік пен құлдық әсерінен болған бөгде, жаман қылықтардан дұрыс түйін таба білді. Гёте шаруа, орманшы, кенші сияқты қарапайым адамдардың еңбек және отбасылық өмірін бақылауды жақсы көрді. Гёте сауаты ашылмаған қарапайым халықтан өзінің жоғары екендігін ұмытпаған Вольтердей емес, ол үшін халық абстрактілі түсінік болған жоқ. Осылайша халықпен, оның өмірлік қызығушылығымен, қуанышымен және қайғысымен өзара пікірлесу Гётенің рухани демократизмінің, жоғары гуманизмге толы бүкіл шығармашылығының және қоғамдық-саяси қызметінің берік негізі болды. Осыдан болар, Гретхен (Фауст) мен Клерхен (Эгмонт), Марианна (Вильгельм Мейстер), Филимон мен Бавкида (Фаусттың екінші бөлімінің 5-көрінісі) сияқты тартымды және әсерлі кейіпкерлер – халық арасынан шыққан. Олардың бәрі мейірімсіз қанаушыларға тап болып, құриды. Ұлы ақын басынан



Ілияс Жансүгіров

өткерген трагедиялық концепция осындай.

Сонда да «Фаустты» жаратушының бойында жарқын болашаққа деген сенім («Азат жерде халық та азат») жоғалмады.

Вольфганг Гетенің «Фауст» шығармасын ұзақ уақыт бойы жазса, Ілияс та «Күйшіні» жазуға көп уақыт бөледі. Сондықтан болар Фаусттың өмірі көбіне Ілиястың «Күй» поэмасындағы Молықбай күйшімен ұқсас. Ілияс қарапайым халықтың ортасынан шыққан Молықбайдың патша өкіметі тұсындағы мейірімсіз қанаушы жаққа тап болып, артынан Совет өкіметі құрылғанда, сол билік өкілдерінің әрекетінен өзі де, өнері де құриды. Ұлы күйшінің басынан өткерген трагедиялық концепция осындай болса, Фаустың жайы да, тағдыры осындай болды. Екі суреткер де қоғамның сұрықсыз дертінен мерт болады.

Бірақ олардың мақсаты – халық үшін еш өкінішсіз, іштей өзін құрбандыққа шалу болды.

«Шексіз, дыбыссыз сөйлейтін табиғатпен етене жақын бола отырып», оның «ашық құпияларын» түсінуге құмартып, Ілияс та, Гёте де адамзаттың «жұмбағын» шешуге ұмтылды.

РЕЗЮМЕ

Сходства и поиски в творчестве Ильяса Жансугурова с мировой литературой.

Тұяқбаев М.
Салходжаев С.
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Түркістан облысы, Түркістан қ.

«ПРАНА ШАРЛАРЫ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Атақты офтальмолог ғалым Э.Р. Мулдашев бүкіл дүние жүзін аралап табиғат пен адамзат тарихындағы ғажайыптарды, қасиетті жерлерді зерттеп үздіксіз мақалалар жариялап келе жатқаны белгілі. Ол кісі үнді йогтары, Мысыр пирамидалары, Гималайдағы Қайлас тауы мен Шамбала құпиясы, Грекия, Крит аралдарындағы Микен мәдениетінің құпиялары жайлы өзі ұйымдастырған экспедиция жұмыстарының есебінде әңгімелеп келеді.

1998 жылы Гималайға жасаған кезекті сапарында ондағы йогтардың бірнеше рет «прана» немесе «өмірлік қуат» жайлы айтып бергенін жазады [1].

Мұнда ол йогтардың «Жер шарында Прана сақталатын орындар бар» деп оларды «болашақтың қақпалары» деп атағанын келтіреді. Сонымен бірге, өзінің прана шарларын алғаш рет Мысырда байқағанын, ондағы Хефрен (Хеопс) пирамидасында фотоаппарат қана емес видеокамераға да прана шарларын түсіргенін әңгімелейді. Сөзінің қорытындысында бұл шарлардың негізінен адамдар зиарат ететін жерлерде, ғибадатханалардың ішінде, саркофагтар мен пирамидалардың ішінде кездесетінін және олардың бірінің ішіне бірі орналасқан төрт сферадан (тұйық шеңбер) тұратынын айтады.

Э.Р. Мулдашев прана шарларының адам денесінің материалдық жағдайдан энергетикалық жағдайға өткен түрі деп тұжырымдайды, яғни қайтыс болған адамның энергиясы прана шарына айналып жердегі өмірін әрі қарай жалғастырады.

Тағы бір мақаласында Э.Р. Мулдашев «прана» сөзі санскрит тілінде (көне үнді тілі) «өмір», «дем алу» деген мағына беретінін келтіреді [2]. Ендігі бір еңбегінде ғалым Мысыр ескерткіштеріндегі фрескалық суреттерде ежелгі құдайларының төбесіне шарларды бейнелейтінін еске алады. Біз бұған қосымша православтық орыс иконаларында да Құдай ана мен Христостың басын ақ шармен қоршап қоятынын, Буддизм (Ламаизм) құдайларының басын да шармен қоршайтынын, тіпті католиктердің де Римдегі Санта-Мария Маджоре шіркеуіндегі мозаикада Авраам, Сарра мен үш періштілердің бастары да ақ шармен қоршалғанын келтіреміз (иллюстрацияны қараңыз) [3].

Э.Р. Мулдашевтің прана шарлары жайлы пікірлерін қолдай отырып мұндай шарлардың барлық елдерде, негізінен мазарлар мен зиарат орындарында кездесетінін айтпақпыз. Біздің қолымызда да прана шарлары түсіп қалған көптеген фотосурет сақталған, әрине біз оларды арнайы



Хеопас (Хефрен) Фараонның қайығы.



«Саманилер» кесенесі күндізгі көрініс.



Саманилер кесенесі түнгі көрініс



Әзірет Сұлтан қорық-музейі аумағының түнгі көрінісі

түсіргеніміз жоқ. Фотосуреттер іс-сапар, археологиялық қазба, естелікке фотоға түсу т.б. барысында, тіпті той-томалақ кезінде түскен фотобейнелер жинағы болып табылады. Прана шарларын Мысырға 2005ж. жасаған іс сапарымызда алғаш рет байқадық. Мұнда олар Хефрен пирамидасының іші-сыртында, Сфинкс ескерткіші алдында, Каирдегі барлық мешіттер, кесенелер мен мазарат үстіне салынған құрылыстар ішінде, тіпті алғашқы христиандар-коптылардың шіркеулері мен Рим императоры Траянның колоннасы жанындағы өте ежелден келе жатқан жер астындағы үңгір тектес сағаналарда да түсірген барлық фотосуреттерде кездеседі.

Ал, өзімізге келсек, Әзірет Сұлтан, Рабия Сұлтан бегім кесенелері алдында, Жүсіп ата кесенесі іші-сыртында, Өзбекстандағы Чор-бакр мазары мен кесенелерінде және Бұхарадағы Исмаил Самани кесенесінде түсіп қалған прана шарларын байқадық. Мұндай шарлар қаламыздағы бір үлкен тойхана мен кафенің ішінде түсірген фотоларда да бар, яғни, бұл құрылыстар көне мазараттың үстіне салынған. Бір байқағанымыз, прана шарлары алысқа жылжымайды, иесі жерленген мола, кесене, қабір басында қалқып жүреді. Тек, Жүсіп ата мен Саманилер кесенелерінде олардың бір жерге тығыз жинақталғанын байқадық. Жүсіп ата кесенесінің өзі де, айналасы да бұрын аса үлкен XII ғ. бері келе жатқан мазарат болған, ал, Саманилер кесенесінің айналасы да бұрын үлкен мазарат болып, бүгіндері олар тегістеліп, жолдар салынып, саябақ егілген, сірә, әруақтар (прана шарлары) кесененің іші-сыртына қоныс тепкен болуы керек. «Әруақтар» деуіміздің себебі, «адам өлгенімен рухы, жаны өлмейді» дейді барлық діндерде. Біздіңше, бұл «прана шарлары» адам жанының демі таусылған соң денесінен бөлініп шыққан эфирлік материя (жеңіл, салмақсыз, денесіз) түріндегі бейнесі, ол жай көзге көрінбейді, бірақ техникалық құралдар (фотоаппарат, видеокамера т.б.) арқылы көруге болады. Үй аңдары (ит, мысық), тіпті үй жануарлары да оларды көріп, сезуі, олардан үркуі мүмкін. Мұндай қасиет алғашқы адамдарда (тас, қола ғасырларындағы) да болуы мүмкін, алайда, жайлы, тыныш, қауіпсіз тұрмыстан бұл қасиетін адамдар жоғалтқан.

Э.Р. Мулдашев «АиФ» апталық газетіне 2022 ж. берілген сұхбатында «прана шарлары» адамның ойын, пікірі мен тұжырымдарын оқып біліп, талдай алатын сияқты» - дей келе, өзінің Каирдегі Ресей елшілігінде оқыған лекциясында прана жайлы әңгімелегенін және цифрлы камера түсірген фотосуреттерде өзін прана шарларының қоршап тұрғаны бейнеленгенін айтады [4].

Бұған біздің айтарымыз Каирдегі Ресей елшілігі ежелден келе жатқан, бүгінде тегістеліп кеткен мазарат үстіне салынған болуы мүмкін. Біздің қолымызда жинақталған фотоларда олардың қазір де жұмыс істеп тұрған мейрамхана мен кафеде адамдармен бірге түсіп қалғанын көреміз, яғни, бұл құрылыстар ежелден келе жатқан мазарат үстіне салынған. Ал, Түркістанның басқа қалалардан тағы бір ерекшелігі – қала сонау ежелгі замандарда-ақ (б.з.д. IIIғ.-б.з. IV-V ғғ.) діни-рухани орталық болып (зардуши-зороастризм діні), VIII-IX ғғ. Ислам дінінің осы өлкедегі тұғырына айнала бастап, XII-XV ғғ. діңгегі болып

қалыптасқаны. Бұл құбылыс бүкіл Орталық Азия, Кавказ, Шыңжаң, Ауғанстан аймақтарынан адамдардың мұнда Ясауи бабамыздың қабіріне құлшылық, зиарат ету ағымын тудырды. Бабамыздың кесенесі мен айналасы ғана емес, жалпы Түркістан қаласы мен оның айналасы киелі, қасиетті жер деп танылды. Мұның көрінісін кіп-кішкене ортағасырлық Ескі Түркістан (88,7 га) қаласы мен оның айналасында (500-1000 га) 21 мазараттың орналасуынан байқаймыз. Бұл XX ғғ.-50-ші жылдарындағы қала картасында көрініс тапқан, ал қалаға жақын және темір жолдың батыс бетіндегі мазараттарды қоссақ олардың саны 50-ден асып кетеді. 1910 ж. санақта халқы 15 мыңнан сәл ғана асқан қалада мұнша мазараттың болуы ақылға сыймайды [5].

Мұндай құбылысты Түркістанның киелі жер болғандығынан, бабамызды әулие, пір деп таныған адамдардың осы қасиетті жерді бақилық мекен еткісі келіп «Топырағым Түркістаннан бұйырса» деп өсиет қалдырғанынан деп қана түсіндіре аламыз, яғни, бұл мазараттарда Ясауи ілімі тараған барлық аймақтардан әкелінген мұсылмандар жатыр деуге болады. Дегенмен, 1952 ж. картада белгіленген қаладағы 21 мазараттың барлығы дерлік бүгінде түрлі құрылыстардың астында қалып кеткен, бірен-сараны ғана аман тұр.

Ендігі айтпағымыз исламда «Миқат» деген сөз бар, бұл «Қажылық, зиарат қылудың басы, бұл жерде Қажылық етуші ихрамға еніп, ихрам киімін киуі тиіс» дегенді білдіреді [6]. Сауд Арабиясының оңтүстік-батыс шекарасындағы портты қала Джидданың екінші аты «Миқат» (Михат), яғни, қасиетті Қажылықтың басы, әрі қарайғы Мекке, Мәдина, Мина жазығы, Арафат тауы барлығы киелі Ихрам жерлері деп есептеледі, «Ихрам»-деп «Аңға шығуға тыйым салынған жер, қажылардың Мекке шаһарында болу уақыты, қажылық киім, жаман істерден бас тарту, ерекше ұрыптық тазалықта болуды»- айтады [7]. Яғни, бұл жерлерде адамдар ерекше әдепті, ұрыс-керістен, айқай-шудан ада болып, темекі, шарап сияқты бәледен аулақ жүруі тиіс.

Мұндай жердің Түркістан қаласында да болғанын А.И. Добромысловтың «Города Сыр-Дарьинской области. Чимкент, Туркестан» деген еңбегінен табамыз [8].

Мұндағы «О Туркестане и о владении к нему» деген бөлімде Түркістан қаласы мен оны қоршаған немесе жақын орналасқан елді мекендердің атауы мен қанша қашықтықта орналасқандығы көрсетілген. Олардың саны 13, атап келтірсек: Аққорған, Жаңақорған, Созақ, Қарнақ, Шобанақ, Оранғай, Баулық, Шаға, Ташанақ, Иқан, Отырар, Қарашық және Михат, сонымен бірге, бұл елді мекендердің Түркістаннан қанша қашықтықта орналасқандығы «верстамен» (1,06км) есептеліп берілген. Тек Михаттың ғана қашықтығы көрсетілмеген, яғни, ол қаланың ішінде орналасқан болып шығады. Жергілікті тұрғындар «Михат» деп кесененің айналасы мен Рабия Сұлтан бегім көшесінің екі бетін (қазіргі Керуен сарай, Сапар орталығы, Фараб кітапханасы, Ахмет Ясауи музейі, Ұлы дала орталығы т.б. ғимараттар орналасқан аймақ), Шихаб ад-дин Сарвар, Жамал Хұштадж, Құмшық ата, Әлқожа ата, Сұлтан Ибраһим жерленген жерлерді атағанын айтады, яғни, бұл жерлер зиарат етушілер үшін

де, басқалар үшін де «ихрам» жерлер, мұнда өте әдепті де инабатты болып жүрген жөн дегенді ескерткіміз келеді.

Бұл елді мекендер мен Михат жайлы деректі Ташкенттік сарт Нұр-Мұхаммедтің 1735 ж. Уфа каласында Орынбор экспедициясына бергені жайлы жазады А.И. Добромыслов.

Бұл жерлердің нағыз киелі жерлер екенінкесенегеқарама-қарсыжолүстінде түнде (2008 ж. жазда) фотоға түскен алты жасөспірім қыздарды қоршаған прана шарларының көптігінен байқаймыз. Қазір бұл жерлердің барлығы электр шамдарымен жарықтандырылған, дегенмен, қаракөлеңке тұстарда прана шарлары әлі де түсетіні анық.

Сөз соңында айтарымыз, киелі қаламыздың барлық топырағы қасиетті, кез-келген жерден жерленген мәйіт табылуы мүмкін, сондықтан рухани тазалық пен әдептілікті күнделікті өмірімізге серік қылып жастарды да, балаларды да соған тәрбиелейік демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. http://vudocs.exdat.com. 23.I.2012г.
2. https://dzen.ru.3.IV.2020г. Новое явление природы-Прана.
3. Мифологический словарь.М.,1990. Иллюстрации.
4. https://archive.aif.ru.20.XI.2022г.
5. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. А.,1994.-С.267
6. Сафиуллина Р.Р. Мөселман терминологиясе сүзлеге. Словарь мусульманской терминологии. Казан, 2006. 34, 93-бб.
7. Бұл да сонда, 27, 85-бб.
8. Добромыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Чимкент, Туркестан.-Ташкент, 1912.-С.11.

РЕЗЮМЕ:
Термин «шары праны» обычно рассматривается в метафизическом и энергетическом контексте. Это понятие является частью практик, направленных на восприятие и контроль внутренней энергии человека.

Рахимғалиева К.М.
«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі
Жаркент қ.

«ЖАРКЕНТ МЕШІТІ» СӘУЛЕТ-КӨРКЕМӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ ҒИМАРАТЫНДА БЕЙНЕЛЕНГЕН ӨРНЕКТЕР: ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕУ

«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі 1887-1892 жылдары халықтан жиналған қаржыға салынып, кешен құрылысы екі кезеңмен жүргізілді. 1-ші кезең 1887 жылдан 1890 жылдарды қамтиды. Бірінші кезеңде мешіт ғимараты және басты кіру порталы салынды. Екінші кезеңде 1891 жылдан 1892 жылдар аралығында медресе ғимараты, дұға оқитын үй, қақпа-қоршаулар тұрғызылды. Қытайлық және Орта Азия сәулет өнері үлгісіндегі ескерткіш авторы Қытай сәулетшісі Хон Пик. Құрылыс композициясының кіндігі – ортадан салынған мешіт құрылысы. Қасбеті шығысқа қараған мешіттің негізгі құрылыс материалына Тянь-Шань қарағайы 122 ағаш бөрене бір-біріне шегесіз қырлана қойылған. Антаблименті ағашқа түсірген әсем оймышпен нақышталған. Ғимаратта өрнектердің басым бөлігі қытай, қазақ пен Орта Азия халықтарының ою-өрнектері, сонымен қатар әртүрлі діни (ислам, христиан, буддизм) өрнектер де кездеседі.

Халықтардың өзіне тән ерекшелігі бар сияқты өрнектерінде де айырмашылықтары баршылық. Бір емес бірнеше халықтың ою-өрнектері бір-бірімен ұштасып бейнеленген ерекше өнер туындысының бірі де бірегейі музейдің «Жұма залы» ғимараты. Мешіт жақтауларындағы сан-алуан өрнектер мен оюлар бір-бірімен сабақтасып, байланыстырылған. Мысалы, құсқанаты, қошқар мүйіз, табан, шынжара, балдақ, төртүшкіл, түйетабан, қолтықша сияқты қазақ халқының, Орта Азия халықтарының өсімдік текті, Қытай халқының айдаһар, фэникс, түйін, жолбарыс, тасбақа, пион, хризантема, лотос, қытай ақшалары, бұлт, су, диск тәрізді өрнектерімен әсемделген.

Ғимаратта бейнеленген түпнұсқа бояуымен сақталған бөлігіндегі нақыштарды, жалпы өрнектерін жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жүйелеу тақырыптың өзектілігі болып табылады.

Біздің заманымыздан бұрынғы X-XII ғасырлардағы сақ, ғұн дәуірінде ыдыс-аяққа, киімге геометриялық, ғарыштық өрнектер қарапайым сызықтармен, табиғи бояулар арқылы салынды. Аң-құс, жан-жануарлардың реал бейнелері әр түрлі бұйымдарға, қола, темір, алтын сияқты металдарға салынды. Қаңлы-үйсін заманына келгенде (б.з.б I-III ғасырлар) геометриялық өрнектермен қоса хайуанаттардың, құстардың бейнесі абстракталып, стилденіп бейнеленді. VI-VIII ғасырларда Алтай мен Атырау аралығында Түрік қағанаты құрылды. Бұл кездің қолөнер туындылары мен өрнектері бұрынғы дәстүрді сақтай отырып, зооморфтық өрнектер ою сұлбасына айналып, аң мен жануарлар бейнесін тұспалдайтын абстракті өрнек болып қалыптасты [5; 144].

Музейде кездесетін өрнектер жайлы: Д.А. Владимирова Шығыс Азияның сәндік-қолданбалы өнері: символика және дәстүр; Тянь Хэ Дәстүрлі қытай ою-өрнектерінің семантикасы; Е.В. Песчанская Мин және Цин әулеттерінің киімдері мен зергерлік бұйымдарының қытайлық әсем ою-өрнектерінің зооморфты мотивтері; А.М. Решетов Қытай дәстүріндегі Феникс атты еңбектер жарық көрген.

Ғимаратта жақсылыққа бастайтын (благопожелательный) өрнектер көп тараған. Қытай мәдениетінде ою, ұлттық нақышта жақсылыққа бастайды деген оймен және ортаның толықтығын анықтап көрсетіп қана қоймай, барлық заттардың кемелдігін, адам болмысының рухани және материалдық салаларының барлығына енгізілген. Алғашқы «жақсылық бастауы» атауы ежелгі Қытайдың «Чжуан-цзы» трактатында кездеседі. Әл-ауқат пен тағдырдың жақсылығы деген мағынада келтірілсе, қытай тілінен тура аударсақ «бақытты қой» деген мағына береді. Ежелгі қытай халқы көшпелі өмір сүргендігін, отардағы семіз қойлар үлкен жетістік болып саналып, трактаттарда «бақыт, жақсылық» деп келтірілген. Уақыт өте келе «жақсылық бастауы» тіркесі бақыт, байлық, мансап, ұзақ ғұмыр, қуаныш мағыналарын біріктірсе, Конфуции мәдениетінде «шын бақыттың бес бастауы» деп келтіріліп, қытайдың өрнектерінің басты тақырыбы болды.

Киімдер мен әшекейлерге салынған жан жануарларға байланысты өрнектер тобында құстар, балық және жәндіктер бейнеленген. Қытай мифологиясында төрт тіршілік иелеріне үлкен мән берілген, олар: айдаһар, феникс, жолбарыс (кейде цилинь, қытай бірмүйіздері ауыстырады) және тасбақа [14; 173].

Кез-келген халық өнерінде адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты жеткізуге үлкен мән береді. Айналадағы дүние сәндік-қолданбалы өнерде (киім, зергерлік бұйымдар, заттар) әртүрлі өрнектер мен бейнелер түрінде бейнелейді [9].

Әр халықтың мәдениетінің бір бөлігі болып саналатын ою-өрнек өнері салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, халықтық философияны, дәстүрлі ойлау тәсілін, метафора мен ерекше эстетиканы бойына сіңірген [1]. Музейде орналасқан мінбер өзінің 130 жылдан астам уақыт бойы сақталған ерекше бояу үлгісімен көзге түседі. Ал енді осы мінберге бейнеленген бірнеше өрнек түрлеріне тоқтала кетсек:

Қазақ халқының тұрмысында текемет басу кезінде айшықтар арасында бұрышталып немесе үшбұрышталып келген қолтықша оюы түседі. Осы композициялық жүйенің өзінде бірнеше геометриялық өрнектер қолданылған бұл өрнекте түйін өрнегіне ұқсас болып келген [8].



Шығыс халықтарындағы түйінге ерекше назар аудару керек. Өркениет пайда болған кезде түйіндер шығысты ғана емес, басқа да алғашқы мәдениеттерде ойдың мағынасын жеткізу құралы болған. Мысалы, Қытай тіліндегі «түйін» сөзі «бата» сөзімен үйлеседі, сондықтан түйін қажетті мөлшерде, жеткілікті деңгейде қол жеткізуді, барлық нәрсенің ең бақытты кезімен байланыстырылған. Сәндік түйіндер пішінінің сұлулығымен және талғампаздығымен көз тартады. Түйіндер тұрғын үйді немесе киім элементтерін безендіреді, мықты одақ пен бірлікті білдіреді.



Анар өрнегі XV ғасырда Италияда шығыс өрнектері бойынша жасалған ауыр жібек, барқыт көйлек және төсеніш маталарында кездеседі. Кейінірек, XVI-XVII ғасырларда ол Еуропаға тарады, онда өрнек зығыр және мақта маталарында да бейнеленген. Қытайлық «анар» сөзі дыбыс жағынан «ұрпақтан ұрпаққа» деген сөзге ұқсас, сондықтан ою-өрнектерде анар ұрпақтардың көп болуын білдіреді. Анардың қабығы жарылып, жемістері шашылып бейнеленсе, «жүз ұл» мағынасын білдіреді. Сондай-ақ анар мен жүзім – «жемістердің атасы» деп аталады. Қасиетті Құранда бұл жемістерді Жәннаттықтардың жейтіні туралы айтылған.

«Ол екеуінде жемістер, құрма және анар бар» («Рахман» сүресі, 68-аят)

«Екеуінде де алуан түрлі жемістер, соның ішінде құрма мен анардың түр-түрі бар» («Уақиға» сүресі, 68-аят)



«...Сондай-ақ, жүзімнен бақтар және бір-біріне ұқсайтын, ұқсамайтын зәйтүн мен анар шығарамыз. Олардың жеміс салған және жемісі пісіп жетілген кезіне назар салыңдар...» («Әнғам» сүресі, 99-аят).

Анардың бұлай қасиетті Құранда бірнеше жерде айтылуы да тегіннен-тегін емес [6; 11-13]. Бүгінгі заманауи медицина зерттеулерінен анар жемісінің адам ағзасына тигізетін пайдасы зор екенін білсек те, ерте кезден-ақ Еуропа мен Шығыс елдерінде ғана емес, көптеген халықтардың өрнектерінен кездестіруге болады. Жүзім өрнегі азан шақыруға арналған мұнараларда көптеп кездеседі.

Гүлдерге байланысты өрнектер барлық халықтардың қолданбалы өнерінде бар, әрі терең мағыналы болып саналады. Олардың саны өте көп, солардың ішінде мешіт ғимаратында кездесетін бірнеше өрнектерге, жыл мезгілдерін білдіретін гүлдерге тоқтала кетсем: пион – көктемді, лотос – жазды, хризантема – күзді, шие немесе қара өрік қыс мезгілін білдіреді. Кескіндемеде бұл өсімдіктердің бейнелері өте шынайы, әрі әдемі болып суреттелсе, ал ою-өрнекте оларды бірден тану мүмкін емес [14; 173-178].





Шығыс Азия елдерінің көпшілігінде айдаһар бақыт символы болып саналады, себебі ол мәңгілік өмір сусынын таба алатын болған. Ежелгі Қытайдың әлем бейнесінде ЯН-ды бейнелейді, яғни, көбею, құнарлылық және белсенділік белгісі. Көптеген аңыз және ертегілерде айдаһар басым рөль ойнайды, ал бейнелеу өнері мен қолөнерде негізгі көрініште суреттеледі. Халық дәстүрі бойынша айдаһар қыста жер астында өмір сүрген, бірақ екінші айда аспанға көтеріліп найғазай ойнатып, жауын жаудырған. Көп жағдайларда толған айдың екінші күнінде отшашумен айдаһарға арналған «Айдаһар басын көтерді» атты мереке ұйымдастырылған.



Музейде айдаһар бейнесі біртүсті, өсімдік сабақтары мен гүл бүршіктері арқылы бейнеленсе, ұлттық үлгіде мейірімділіктің белгісі болып саналатын фэникс пен батылдық, мықтылықты білдіретін жолбарыс бейнесі жапырақтар арасына салынып, шариғат бойынша еш қайшылық тудырмаған. Жоғарыда атап өткен жануарлардан басқа ұзақ өмір, күш және төзімнің символы болған тасбақа бейнесін «тасбақа қабығы» өрнегінен көруге болады [11; 184-189].

«Құс қанаты» оюына ұқсас жасалған бұл өрнектер мешіт сыртындағы бағандарға айнала қоршалып салынған. Құс қанаты – еркіндікті, азаттықты, бейбітшілікті білдіретін символ [3; 198].



Түйетабан түйенің басқан ізін бейнелейтін күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсап, қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келіп, кей жерлерде «табақ» өрнегі деп те атайды [13; 271].



Геометриялық фигуралар арасында төртбұрышты (балдақ, қармақ өрнегіне ұқсас), төртүшкіл және дискі көп кездеседі. Төртбұрышты өрнек қытай халқында ең көне үлгілердің бірі болып табылады, ол Инь-Шань әулетінің қола ыдыстарындағы найзағай ою-өрнегінен шыққан. Бір-бірімен байланыстырылған шексіз қысқа түзу сызықтардан тұрады. Сырттай өрнек «қайту» белгісіне ұқсайды. Бұл ауыл шаруашылығының көркеюіне әкелетін жаңбырдың белгісі ретінде қолданылған. Кейінірек, бұл үлгіні шексіз жалғастыра беруге болатындықтан, ол шексіздіктің оң коннотацияларымен байланысты болып, буддалық мағынада ұзақ уақыт кезеңін немесе қайта туылуды білдірді.

Бұл өрнек өте кең таралғандықтан жібекте, фарфор мен керамикалық бұйымдарда, ағаштарды ойғанда, сәулет өнерінде, т.б. көп қолданылған [11; 97-102].



Бір қарағанда бүркіт ұстаған қолдың білегіне киіліп тұратын жоғары басы жарты шығыр формасындағы бір-бірімен қосыла, шеңберге ілмелене келіп, күрделі өрнек түзейтін «балдақ» ою-өрнегіне, кейде «қармақ» өрнегіне де келеді.

Төртүшкіл өрнегі ғимаратты айнала қабырғаларына алғашында саз балшықпен жасалған оймаларда көптеп кездеседі. Бұл жұлдыздардан алынған өрнек, «төрт түлігің сай, керегең кең, берік, төрт төңірегің толық болсын» деген мағынада бейнеленген.



Дәстүрлі қытай түйінінен шыққан диск өрнегі көптеген ішкі және сыртқы пішіндерден құралады. Ол шаршы, дөңгелек немесе біркелкі болуы мүмкін, бірақ оның барлық модификацияларында эстетикалық құндылықты сақтайды [12; 142–163].

Бұл өрнектің желілері дәстүрлі түйіндерде арқан тәрізді өріліп, басы мен аяғы жоқ сезім тудырса, мешіт ғимаратында баспалдақтардың сыртқы жағында пейзаж, өсімдік суреттері салынған тақтайшалардың біткен жеріне шеңбер пішінінде салынған.



Ғимаратта ең көп кездесетін өрнектердің бірі «төрткүл». Қазақ оюында күнтізбелік жүйе кеңінен көрініс тапқан. Бір жылда төрт жыл мезгілі бар, яғни, 22 наурыз күні, күн мен түн теңелсе, жазда 22 шілдеде ең ұзақ күн және ең қысқа түн болады. 22 қыркүйекте күн мен түн қайтадан теңеледі. 22 желтоқсанда ең қысқа күн, ең ұзақ түн болады. Осыдан келіп «төрт құбыла» сөз тіркесі шығады. Дәл осы тіркестен «төрткүл» немесе крест өрнегін көруімізге болады. Түркітанушы Мұрат Әджи "Крест" ұғымының "қайқы қылыштан" туындағанын айтса [2; 649], суретші, дизайнер Ерлан Қожабаевтың айтуынша, крест белгісіне деген түсінік христиан діні келген соң өзгеріп кетті [7; 344]. Шынтуайтында, бұл ешқандай қайқы қылыш та емес, тәңіршілдіктің белгісі. Қазақтар құрметті адам келгенде бас тартады. Асты дастарқанға апармас бұрын малдың басына қақ шекеден тең қабырғалы айқыш (крест), яғни тәңірдің белгісін салған. Қожа Ахмет Йассауи, Айша бибі кесенелерінің сыртқы қабырғаларында көлемі әр түрлі, түрлі бағытта айналатын крест пен свастиканы жиі кездестіреміз. Шаңырақка қарасаңыз да, қошқармүйізге үңілсеңіз де айқышты көретінімізді алға тартқан [4; 228]. Қазақта "Төрт құбыласы тең" деген сөз бар. Жер бетінде бәрі тең. Онда бос кеңістік болмайды.

Өмір мен өлім, күн мен түн, жақсы мен жаман, ер мен әйел бір-бірін

толықтырып, тұтастықты құрайды. Философияда ақ және қара жолақпен бейнеленген "инь-янь" деген ұғым бар. Осының бәрін қазақ оюынан кездестіре аласыз. Ерлан Қожабаевтың үлгісінде көрсетілген ою мен ғимараттағы бейнеленген өрнектер ерекше көз тартады.

«Қошқармүйіз» қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйізі мен қолтық тұсынан құлағы шолақ мүйіз тәрізденіп екі буын болып шығып тұрады. Ою-өрнекті анықтап қараған адамға қошқардың тұмсық пішіні бірден аңғарылады. Сақтар (скиф) «аң стилінде» қошқардың шынайы бейнесін қолданған. Бұл элемент текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрінде кездеседі. «Қошқармүйіз» элементі бақыт-береке, байлықтың және мал-жанның көбеюінің символы [7; 344].



Шығыс халықтарындағы Аспан культі біздің дәуірімізге дейінгі 9 ғасырда халық, билеуші және көктегі күштер арасындағы байланыс ретінде пайда болды. Мысалы, Қытайда бұлт көне заманнан бері табыну нысаны болып табылады. Ол табиғат құбылысы ретінде құбылмалы болғандықтан адамдар санасында әртүрлі белгілер қызметін атқарады. Бұлттар жаңбырмен тығыз байланысты, ауыл шаруашылығы үшін үлкен маңызға ие болған. Бұл өрнектің ерекше қасиеті бақыт символына айналды [10; 97-102]. Бұл өрнектер қарасаң көз тоймайтын музей ғимаратындағы тұтас өрнектердің тек аз бөлігін ғана құрайды.

Ұсынылып отырған мәліметтер, ой-тұжырымдар болашақта тың бастамалар мен зерттеулердің бастауы болса, «Жаркент мешіті» музейінің тарихына байланысты арнайы дипломдық және курстық жұмыстарға қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіғаппарова Ұ.М., 1999. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. Алматы. 152 б.
2. Әджи М., 2004. Түріктер және әлем: құнды тарих. М. 649 б.
3. Балкенов Ж. 1996. Халық мұрасындағы ұлттық өрнек және рең. Қарағанды: ҚарМУ. 198 б.
4. Денике Б.П. 1939. Орта Азияның архитектуралық өрнектері. Москва: Бүкілодақтық сәулет академиясы. 228 б.
5. Жәнібеков Ө.Ж., 1982. Қазақтың ұлттық қол өнері. Алматы. 144 б.
6. Кеулімжай Қ., 2023. Құранда аты аталған 6 жеміс. «Иман» журналы, 10 (231), 11-13 беттер.
7. Қожабаев Е., 2015. Қазақ оюлары. Алматы. 344 б.
8. Өмірбекова М.Ш., 1995. Ою-өрнектің қолданылуы. Алматы. 84 б.
9. Өмірбекова М.Ш., 2003. Энциклопедия: Қазақтың ою-өрнектері. Алматы. 284 б.
10. Песчанская, Е.В., 2012. Қытайдың жақсылыққа байстайтын

ою-өрнектерінің пайда болуы және мағыналарының өзгеруі // Ресей ғалымдарының интеллектуалдық әлеуеті: ғылыми еңбектер жинағы / жау. ред. Е.В. Ушакова. XIII шыққ. Барнаул: ИП Колмогоров И.А., 97-102 беттер.

11. Решетов А.М., Қытайдағы тасбақа культі туралы // «Радлов оқулары – 2006». (СПб., 2006. Б. 184–189).

12. Решетов А.М., 1996. Қытайдың мәдени және саяси дәстүріндегі айдаһар бейнесі // Биліктің нышандары мен атрибуттары. Генезис, семантика, функция / жау. ред В.А. Попов. СПб., 142–163 беттер.

13. Сенешаль М., Дж. Флекс., 1980. Симметриялық өрнектер. Москва. 271 б.

14. ТяньХэ., 2011. Дәстүрлі қытай ою-өрнектерінің семантикасы. // «Қоғам. Орта. Даму» ғылыми-теориялық журналы. 1, 173-178 беттер.

РЕЗЮМЕ:
История развития древней архитектуры города Жаркент.

Байболов Б.
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы
Түркістан облысы, Түркістан қ
Исаев М.
PhD (философия докторы)

ЕСІМ ХАННЫҢ ТҮРКІСТАНДА ЖЕРЛЕНУІ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Есім хан – 1598-1628 жылдары Қазақ хандығында билікте болған шыңғыс әулетінің өкілі. Шығай ханның баласы. Туған ағасы Тәуекел ханнан кейін ел билігін қолға алған Есім хан Түркістан қаласында тұрып, билік жүргізді. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Тәуекел ханмен Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығының құрамына қосты.

Түркістанды қазақ хандығының астанасы ету түбегейлі Еңсегей бойлы Ер Есім тұсында жүзеге асқаны, Түркістанның қазақ хандарының ордасына айналғандығы «Исатай-Маханбет» дастанында былай жырланады:

Шыңғыстың тағы құрылған.
Түркістанда ту тігіп,
Атаң бір қазақ мекендеп,
Хандары сонда тұрылған [1, 66].

«Есім ханнан бастап қазақ елінің астанасы нақтыланып, бұрынғы Ясы қаласы Түркістан деген атауға ие болады. Есім хан салған осы жол бойынша Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы міндетін бірнеше ғасыр бойы атқарады» [2, 18]. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» жазбасындағы «..... Мен қазақ ішіне кеттім, Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді» [3, 189], - деген жолдар ойымызды нақтылай түседі. Тарихшы Т.И. Сұлтанов Есім ханды 1598 жылдың күзінде хан тағына отырды дей келе, Тәуекел ханнан кейінгі қазақ сұлтандары ішінде ең беделдісі

Есім сұлтан болатын [4, 2012] деген пікір айтады. Тарихшы-ғалым Б. Кәрібаев «Есім хан» атты еңбегінде: «Есім хан билігі тұсында Ясы қаласы – Түркістан атауына ие болды. Есім ханнан бастап Түркістан қаласының киелік маңызымен қатар, саяси-әкімшілік және рухани орталық ретінде маңызы артады да, бірнеше ғасыр бойы қазақ еліне қызмет етеді» [5, 2] - деп жазды.

Осы кезеңнен бастап Түркістан қазақтың жиырма бір ханына астана ретінде қызмет атқарады. Орыс ғалымы М.П. Вяткин осы ойды одан әрі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Үлкен Ақсарай бөлмесінде мемлекеттік істер жүргізіліп, елшілер қабылданып, бұйрықтарға қол қойғандығын жазады.

Есім ханның Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңына жерленгенін, оған арналып кесене тұрғызылғанын тарихи деректермен талдап көрелік.

Оның аталған жерге жерленгені тұрғысында Қадырғали Жалайыр дерегіндегі назар аударатын ерекше жайт - Жәдік ханның Үргеніштегі Бақырған ата жанында жерленгені туралы мәліметті жатқызуға болады. Бізге белгілі ортағасырлық дереккөздерде кейбір Ақ Орда хандары мен алғашқы қазақ хандарының Қазақстан мен Орта Азияның әртүрлі қалаларында немесе өздерінің билік құрған жылдарындағы саяси-әкімшілік орталықтарда жерленгенін айтады. Мәселен, Сасыбұқа хан (1320/1321 жылы қайтыс болған) - Сауран қаласында, Ерзен хан (1344/1345 жылы қайтыс болған) - Сығанақ қаласында, ал Қасым хан (1521 жылы қайтыс болған) - Сарайшықта жерленген [6, 122]. Бұдан хандардың өзі билік құрған астанасында жерленгені туралы қорытынды шығады.

Жәдіктің жерленген жері



Үргеніштегі Бақырған атаның жаны екендігіне қарап, оның себебін Есім хан атасының мұсылманшылдығы мен діни ұстанымымен түсіндіруге болады. Кейіннен бұл жолды Есім ханның әкесі Шығай хан да жалғастырып, қайтыс болғаннан кейін Бұхара түбіндегі Күміскент қалашығындағы Әли-ата жанына жерленеді [6, 122]. Атасы мен әкесінен қалған дәстүрден ауытқымай Есім хан да, о дүниелік болғаннан кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленеді және қабірінің басына кішігірім кесене тұрғызылады.

Түркістанды астана еткен хандардың ең алғашқысы – Есім ханның жеке кесенесі болғандығы туралы деректер Ш. Уәлихановтың досы Г.Н. Потаниннің әкесі Н.И. Потаниннің 1829-1830 жылғы Омбыдан Қоқан хандығына барар сапарында Түркістанға соққаны және Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алдыңғы бетінде ескірген кесенелерді көргені, оларды шырақшылардың «Есім, Жәңгір, Тәуке хан мазарлары»-деп түсіндіргені жайлы жазба деректер хабарлайды [7, 102-109.].

Қазақ хандарының тарихын зерттеуші ғалым Б. Кәрібаев өзінің «Есім хан» атты кітабында былай жазады: «...Есім хан Тұрсын хан мәселесін шешкеннен кейін өзінің ордасы орналасқан Түркістанға қайта оралады. Онда ол 1628 жылы шамамен жетпіс жасқа қараған шағында өз ажалынан қайтыс болады. Оның денесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанына қойылып, қабірінің басына кішігірім мавзолей салынады[2, 18] .

1957 жылғы түсірілген кесене айналасының жер бедерінің көрінісінде (топосьемка) жеті құрылыстың ізі биік топырақ үйіндісі түрінде көрсетілген.

Н.И. Потаниннің жазбасы мен басқа да тарихи деректерді негізге алып, аталған үш хан да Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртына жерленіп, бастарына күмбезді кесене тұрғызылған деп тұжырым жасауымызға болады.

Археолог Н.Б. Немцова 1958 жылы бұл төбешіктердің үшеуін зерттеп – олардың біріншісі – Шілдехана, екіншісі мен үшіншілері көне кесенелер қалдығы екенін анықтаған. Тағы бір қазба орнын кесененің батыс мұнарасынан оңтүстік-шығысқа қарай 24 метр жерден белгілеген. Оның көлемі 15х12 м етіп қоршап, ортасына «Мавзолей Есим хана» деп жазған [8]. Есім хан 1628 жылы қыркүйек-қазан айларында қайтыс болып, қабірінің үстіне «ерекше, кішкене, қазіргі кезде мүлде қирап қалған кесене тұрғызылған» деген деректі М.Е. Массонның жазбаларынан да оқуға болады.

1974 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін айналдыра (тереңдігі 6 метрден 9 метрге дейін ауытқитын) жер асты суларын бір жерге жиятын дренаж жүйесін қазып жатқан кезде тап сол «Есім хан кесенесі» мүрдеханасы шығады. Бірақ құрылысшылардың жауапсыздығынан құрылыс экскаваторымен қиратылып, ішіндегі жерленген сүйегімен қоса жүк машинасына тиеліп, құрылыс қоқысын төгіп жатқан жерге шығарылып тасталады.

Экскаватор жүргізушісі С. Манасуевтің өз қолымен жазып, сызып берілген тілхаты бойынша құрылыстың ені – 4, ұзындығы – 6, биіктігі – 3 метр болған. Ішінен сүйегі ірі, бойы биік – 2 метрдей мүрде шыққандығын жазады. Ел аузында Есім хан «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен жақсы белгілі, яғни, ол аса ірі денелі

адам болған. Бұл аталған сүйек ұзын бойлы Есім хандыкі болғандығы туралы болжам жасауымызға мүмкіндік береді [9].

Есім ханды Ташкент маңындағы Шайхантаурда жерленген деп тұжырым жасаушылар да бар. Бұған М. Тынышпаевтың «Ержүрек Есім хан шығыстағы қалмақтарға аттанып бара жатып, Түркістанға Тұрсын ханды шақыртыпты. Ташкентті билеп отырған Тұрсын ханға қатаған мен қаңлы рулары бағынышты екен. Есім оған бүкіл халықты басқаруға береді және өз отбасына ерекше қарауды тапсырады. Тұрсын хан Есім ханның барлық тапсырмасын бұлжытпай орындауға ант береді. Сөйтіп, Есім хан соғысқа аттанып кетеді, ал Тұрсын хан Ташкентке оралады. Есім хан жорықта екі жыл болып, қалмақтарды талқандайды да, әскерін ауылдарына таратып, кейін қайтады. Жолда Күйік тауының маңында Тұрсын ханның бұзауларын бағып жүрген бір кемпірді көреді. Кемпір жылап тұрып «өзінің батыр ұлы Есімнің жорықтан қайтып оралған соң ханшаға мал бақтырып қойған сұмпайы Тұрсыннан кек алатынын» жеткізеді. Есім хан сол арада өз анасын таниды да, кеудесін қатты ыза мен күйік кернейді. Осыған байланысты, аталмыш жер «Күйік» деп аталып кетіпті. Арыс өзені бойымен келе жатып қазіргі кезде «Құтырған» деп аталатын жерде Тұрсын тонауға ұшыратқан өз ауылының жұртына кезігеді. Ол жерде Есімнің бала-шағасы Тұрсынның малын бағып жүр екен. Ашуға булыққан Есім хан жаңа әскер жиып, Тұрсын ханға аттанады, ал жер атауы сол себепті де «Құтырған» деп аталып кетеді. Есім хан Тұрсынға тез жетіп, оның қарамағындағы қатағандарды қырып салады, Тұрсынның өзін шауып, «Хан Тұрсынды ант ұрсын» деп өз қолымен оны өлтіреді» [10, 157-158], - деген жазбасы мен Марғасқа жыраудың:

«Ей, Қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісің, жатырсың,



Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Қазаң жетті қапылсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңе келіп тұр,
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей содан қатарсың!» - деп жырлайтын суреттемесіндегі дәлелдер [11, 52] екі хан арасындағы шиеленістің соңы жөніндегі тарихи деректер Есім хан қайтыс болғаннан кейін мүрдесін Тұрсын ханның адамдары қорлауы мүмкін деген оймен бұл жерге қоймайды деп тұжырым жасауымызға мүмкіндік береді.

Музей-қорық мамандарының соңғы зерттеулері бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңына Есім ханның ағасы Тәуекел хан да жерленген деген пікірге келіп отыр. Тарихшыы Б. Кәрібаев өзінің еңбектерінде Тәуекел хан Тәшкент маңында қайтыс болғаннан кейін, Түркістанға әкеліп жерленуі мүмкін деп жазады. М. Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», «Аласапыран», І. Есенберлиннің «Көшпенділер», С. Сматаевтың «Елім-ай» атты еңбектерінде Қазақ хандары, ханшалар, сұлтандар жайлы көптеген деректерді табуға болады.

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романында Тәуекел ханның да, онымен бірге Бұқара соғысында қаза тапқан көптеген сұлтандар мен батырлардың алғашында Тәшкентте уақытша жерленгенін, кейін 1600 жылы Есім хан ағасы Тәуекелдің орнына хан болып сайланған соң Тәшкентте жерленгендердің барлығын Түркістанға әкеліп қайта жерлегенін жазады. 1993-1999 жж. аралығында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне Түркия Республикасының «Вакиф Иншаат» құрылыс компаниясы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізгенде, кесене маңында да археологиялық қазба жұмыстары қарқын алған болатын. Нәтижесінде үш мыңнан астам адам сүйектері топырақ асынан аршылып алынып, 1999 жылдың маусым айында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің кіші ақсарай бөлмесіне қайта аруланып жерленді. Тек Абылай хан мен Жолбарыс ханның сүйектері ғана ғылыми тұрғыдан зерттелді. Өкінішке орай, басқа тұлғалардың сүйектері ғылыми тұрғыдан зерттелген жоқ.

Қорыта айтқанда, Есім ханнан бастап қазақтың барлық ресми хандары мен заманында саяси қайраткер, қолбасшы, рухани көсем дәрежесіне дейін жеткен тұлғалар да Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанына жерлеуді ұрпақтарына аманаттады. Бұл тарихи шаһар Түркістанның рөлі мен маңызын, қасиеті мен құдіретін шын сезінгендіктен болар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шөреков Ы. Исатай — Махамбет. Ташкент: Қазақтың мемлекет баспасының Күншығыс бөлімі, 1926. - 66 б.

2. Кәрібаев Б. «Есім хан», - Алматы, - 2010. 18 б.

3. Әбілғазы Баһадүр «Түрік шежіресі», - Алматы: Қазақстан, - 1992, - 189 б.

4. Султанов Т.И. «Поднятые не белой кошме. Потомки Чингиз- хана», Алматы, Дайк-Пресс. 2001г. С.2012.

5. Кәрібаев Б. «Есім хан», - Алматы, - 2010. 2 б.

6. Қадырғали Жалайыр. «Шежірелер жинағы». - Алматы: Қазақстан, - 1997. - 122 б.

7. Записки о Кохандском ханстве хорунжего Н.И.Потанина // Военный журнал, - СПб., - 1831, №4, С.102-139.

8. Архив НИПИ ПМК и Архив музея-заповедника «Азрет Султан» инв. №100. Топо-план и план благоустройства охранной зоны.

9. Тұяқбаев М. «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар», - Алматы, - 2000. – 265 б.

10. Тынышпаев М. Материалы истории киргиз - казахского народа. -Ташкент: Восточное отделение Киргизского государственного издательства, - 1925.

11. «Ай заман-ай, заман ай», - Алматы. -1991. - 52 б.

12. І.Есенберлин «Көшпенділер» Тарихи трилогия. Алматы, Көшпенділер баспасы. 2006 ж.

РЕЗЮМЕ:
В статье описывается жизнь Есим хана, при жизни которого Туркестан был столицей Казахского ханства. Анализуется исторические и археологические сведения о погребении казахского хана в мавзолее Ходжа Ахмеда Ясави.

МУЗЕЙ МАЙТАЛМАНЫ

Данияров Б.Т.
«Ұлы Дала Елі» орталығы
Түркістан облысы.

МУЗЕЙ МАЙТАЛМАНЫ - ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Қазақ музейі, қазақ салт-дәстүрі, ұлттық киімдері, қазақ тарихы дегенде бірден ойға оралатын есімдер болады. Соның бірі – Өзбекәлі Жәнібеков.

Еліміздің тарихы мен мәдениетінің шынайы да үлкен жанашыры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері – қазағына қамқор болған Өз – аға.

Ол 1931 жылы 28 тамызда қазіргі Отырар ауданы Сарықамыс елді мекенінде жарық дүние есігін ашқан. Замандастарының айтуына қарағанда, жастайынан зерек, білімге құштар, өнерге бейім, жаны жаңалыққа құмар болған. Өзбекәлі ағамыз 1948 жылы орта мектепті бітірген соң білімін жетілдіру үшін Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтқа келеді. Педагогика институтының тарих факультетін үздік бітіріп шыққан Өзбекәлі Жәнібеков өмір жолын Оңтүстік Қазакстан облысы, Келес ауданында мектепте мұғалім болып бастаған. Мектепте жүріп еңбекші халықтың арасына барып лекция оқитын аудандық «Білім» қоғамының белсенді мүшесі болады.

Іскерлігімен, алғырлығымен, білімділігімен көзге түскен Өзбекәлі Жәнібек 1955 жылы тамызда Келес



аудандық партия комитетінің аппаратына насихатшы қызметіне қабылданады. Сол жылы 19 қарашада ҚЛКЖО Келес аудандық комитетінің бірінші хатшылығына бекітіледі.

1959 жылы Өзбекәлі Жәнібек Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланады.

1962 жылы 27 - 28 ақпанда Қазақстан комсомолының X съезі болады. Съезден кейін наурыздың 1 - жұлдызында өткен Орталық Комитеттің Пленумында ол Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы болып сайланып, 1970 жылдың аяғына дейін осы қызметті атқарады.

Міне, осы уақыттан бастап, Өзбекәлі Жәнібек ғажайып істердің ұйытқысы болды. Қазақстан Жастар Одағы жетекшісі ретінде Өзбекәлі Жәнібектің атқарған істері көп. Соның бірі қазақ жастарын жаппай мал бағуға шақырған үндеуіне қарсы шығып, «жастарымыз кәсіп үйренуге тиіс»- деп қазақ жастарын Орталықтағы ірі өндіріс орындарына жібертіпті.

Өзбекәлі Жәнібек - комсомол жұмысында біраз уақыт істеген соң 1970 жылы жаңадан ұйымдастырылып жатқан Торғай облыстық партия Комитетіне идеология жөніндегі хатшы болып жіберілді.

Торғай - атақты Сарыарқаның бір пұшпағы, әрісі Ыбырай Алтынсарин, берісі - Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың тарихи отаны еді. Бірақ, бұрын облыс орталығы болмаған, 26 мың ғана тұрғыны бар, кеншілердің мәдениет сарайы, жергілікті педагогикалық училище мен екі орта мектептен өзге ештеңесі жоқ [1; 108].

Облыс болған соң оған театр керектігін дәлелдеп, басшылықтың көзін жеткізген соң, Ө.Жәнібек Мәскеуге барып Щепкин атындағы театр - көркем сурет институтының оқуды аяқтағалы

отырған тұтас бір курс жастарына өздеріне жұмыс істеуге ұсыныс жасады. Күзде оқуын аяқтаған жастарды қақаған суықта ұшақтан Өзбекәлі Жәнібектің өзі қарсы алғанын бұл күнде сақа өнер қайраткерлеріне айналған азаматтар (режиссер Ерсайын Тәпенов, т.б.) аңызға айналдырып айтады.

Ол театр бұл күнде Өзбекәлі Жәнібек атында!

Торғай облысында Өзбекәлі Жәнібектің тікелей басқаруымен жүзеге асқан және бір мәдениет ошағы - облыстық тарихи - өлкетану музейі. Жәнібек Торғай облыстық музейіне бар күш - жігерін салды. Осы музейді ұйымдастыруда шетсіз-шексіз жұмыстар істелді [2;103].

1975 - 76 жылдары Өзбекәлі Жәнібекті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сырт елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындайды.

Өзбекәлі Жәнібектің бөлім бастығы болып келуіне орай Қазақстанның сыртқы елдермен байланысы өрістеп жүре береді. Шет елдермен байланыс қоғамдары құрылып, оларға Президент (төраға) болып қоғам қайраткерлері, ақын - жазушылар тағайындалды. Шет елдерге барыс - келіс жиіледі [3;311]. Бөліммен тікелей байланысты жұмыс істейтін Қазақ КСР Сыртқы істер мииистрлігі жұмысы көрінді.

I977 жылы Өзбекәлі Жәнібек Қазақ КСР-і Мәдениет министірінің орынбасары қызметіне жұмысқа жіберілді.

Жәнібек келе жұртты да жұмысқа жұмылдырды, өзі де ұлт мәдениетін көтеру жолында аянбай қызметке кірісті. Өзбекәлі Жәнібек бұл жылдары ірі мәдениет қайраткерлері райында калыптасты. Республика мәдениеті кең өріске шықты. Өзбекәлі Жәнібектің бастамасымен осы жылдары:

- Тарихи ескерткіштер тізімге алынды. Паспорттау жүргізілді.
- Тарихи ескерткіштер мемлекет тарапынан қорғалатындығы айтылып, шойын құймалар ілінді.
- Республикалық Орталық музей 28 гвардияшы парк ішінен Медеу жолына арнайы салынған жаңа ғимаратқа көшірілді. Облыстық өлкетану музейлері көптеп ашылды.

Алматының «Керуен Сарайы», «Қызыл таңы» музейге айналды. Отырар ауданында кешенді - қорық музейі салынып, ашылды. Абай атындағы опера және балет театры, М.О. Әуезов атындағы академиялық драма театры Композиторлар одағы дегендей салалық музейлер көптеп ашылды. Ақын - жазушыларға бірсыпыра әдеби және мемориалдық музейлер ашылды [4;105].

«...Халықтың мәдени мұрасының әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіріп, бастапқы табиғи ортасына оралта түсу жұмыстарына қатысты мәселелерді үйлестіру, музей ісіне басшылық ету тағы басқа» міндеттер жүктелді.

Есепке алғанда сол тұста Қазақстанда 25 мыңға жуық археологиялық, тарихи - сәулеткерлік және мәдени ескерткіштердің бар екені белгілі болады. 150 мыңға жуық қолөнердің үздік туындылары, зергерлік заттар, киім - кешек үлгілері, қару – жарақ, құрал – сайман, үй жиһаздарына қатысты бұйым – тайымдар музей қорында шоғырланады [5;112].

Ата – баба мұрасын есепке алу, қорғау

және қалпына келтіру ісіне тікелей араласу үшін мәдениет министрлігіне ең алдымен осы мәселелермен шұғылданатын жүйе жасап алу қажет, сондықтан да бұрынғы шеберхананың орнына «Казреставрация» бірлестігі, оның жобалау – сметалау тобының негізінде «Казпроектреставрация» жобалау – конструкторлық институты құрылды.

Бірнеше облыста ғылыми – реставрациялық шеберханалар ашылып, оларға арнайы қаржы бөлінді. Нәтижесінде қалыптасқан тәртіппен жобалаушы сәулеткерлер, ұқсатушы шілеңгерлер даярлау ісі қолға алына бастады.

Алтынмен аптау, екі қабақ ағаш шекпесін, қыр (ганч), қырма (оның қазақтағы баламасы), оюдың әдістерін игеру, жазықтықты әрлеп - әшекейлеуге машықтану Қазақ КСР Ғылым академиясының ішкі декорын қалпына келтіруге, Оралдағы шіркеудің күмбезіне алтын жалатуға, Жаркенттегі мұсылман мешітін, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың әдеби – мемориалды музейін қайта ұқсатуға, Мәдениет министрлігінің үйін, Қазақтың халық әуез аспаптары музейін безендіруге мүмкіндік берді.

Сол кезде Ө. Жәнібектің қарамағында жұмыс істеген Қ. Тұяқбаев: «Өз – ағаның қазақ тарихы мен мәдени мұраларына айрықша көңіл бөлуі арқасында Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және қалаларында тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру шеберханалары ашылды, ескерткіштерді жобалау, зерттеу істері ғылыми жолға қойылды», деп жазады.

Мәскеу, Баку, Ереваннан арнайы мамандар шақырылып, Алматыда шекілген, металдан соғылған, теріден тігілген бұйым – тайымдарды, тозығы



жеткен қағаз құжаттарды қайта ұқсататын мамандарды дайындайтын арнайы курстар ұйымдастырылды.

Қылышынан қан тамған кешегі кеңестік дәуірдің өзінде тұстастары мен кейінгі толқын інілеріне халқын сүюдің, оның қас өнерін өркендетудің жолын көрсетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, өзі бас болып жүзеге асырды.

1930 жылы Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмед Ясауи кесенесінен алынып Эрмитажға қойылған Тайқазанды қайтарып беруін сұрап Кеңестер Одағының мәдениет министрлігіне бірінші болып хат жазды. 1989 жылы қыркүйек айында қасиетті Қожа Ахмед Ясауи кесенесіне тиесілі Тайқазанның қайтып келуіне көп кісілер араласты. Дегенмен бұл істі бірінші болып мемлекеттік деңгейде көтерген Өзбекәлі Жәнібек болатын.

Бұл ескерткіштердің күрделі де маңызды байлықтарының бірі – Тайқазан. Бұл Тайқазанның бірлікпен қонақжайлық символы екенін дәлелдеп баққан, қасиетті дүниенің өз орнына келуіне үлкен қызмет көрсеткен де Өзбекәлі Жәнібек еді.

XX ғасырдағы 60-шы жылдардың аяғы мен 70-ші жылдардың басында бір ескерткіштің құрылыс материалдарының есебінен екінші ескі құрылысты қалпына келтіру кеңінен өрістеген. Мысалы, Қожа Ахмет Яасауи сәулет ғимаратының аймағындағы Әулие Құлшық Ата, Әлқожа Ата кесенелерінің, Қылует Жертөле ханақасының, бірқатар сағана-тамдардың кірпіші алынып, негізгі ғимаратты ұқсатуға жұмсалған. Осылай, Түркістан қаласын өркендетудің Бас жоспарына сәйкес, қолдан құлатылған ескі қаланың орнына жаңадан «ескі қала» тұрғызу қолға алынған болатын.

Тағы да тоқталатын мәселе - Арыс-Түркістан каналы салынғанда көне ескерткіш-кесене ескерілмеген. Нәтижесінде Әзірет Сұлтан қорығында жер асты сулары көтерілген. Бұл аздай оған тіркестіре жаңа қала тұрғызылса дүние жүзіне әйгілі сәулет ғимаратының хәлі мүшкіл болатыны даусыз еді.

1982 жылы Д.А. Қонаевтың Түркістанға келген сапарында осы жоба көрсетіледі. Д.А. Қонаев бұл мәселенің даулы екенін ескеріп, қазылық етуді Өзбекәлі Жәнібекке тапсырады. Ол даулы «бастаманы» тоқтатады [6;126].

Қазақ жеріндегі тарихи жәдігердің ахуалы туралы қайраткердің өзі «... Осыдан қырық жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында болғанымда бір ақсақал Дешті Қыпшақтың ханы Әбілхайыр мен Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің бір-біріне жақын қашықтықта қатар орналасқан екі мұнарасын көрсетіп, «бұл екеуі өмір бойы жауласып өтсе де, өлгеннен кейін қатар жатыр» дегені бар болатын. Ол кезде мен бұған жөнді мән бере қоймаған едім. Осыдан біраз бұрын сол екі мұнараны әдейі іздеп барып таба алмадым. Жоқтаушысы болмаса тарихи-мәдени мұраның қайсысын алсақ та, осының кебіне ене беретіні хақ. Оны XI ғасырдан бастап төрт рет қиратылып, төрт рет қалпына келтірілген Баба Ата бекінісінің, соғыстан кейінгі жылдарға дейін ел тұрған, қазір төбеге айналған Созақ қаласының тағдырынан да көруге болады. Ол, ол ма, егер сізге Сыр бойымен Арыстың Сырға құяр тұсынан Аралға дейін сапар шегуге тура келсе, өзеннің екі жағынан да жүздеген қалалар мен бекіністі қоныстардың, мұқият ойластырылған суландыру жүйелерінің ізін көргенде, алдыңызда көсіле жатқан көне тарихқа мақтаныш сезім бойыңызды

билегенімен, «Ау, осынша алапаттың біздің үлесімізге тигені қалай? Моңғол қиратқан, Жоңғар шапқан Бұқар да, Самарқан да, Ташкент те соңынан қайта қалпына келді ғой деген өкініші мол, қалың ойдың қаумалауында қалып қоюыңыз мүмкін. Ерте заманнан бастап Қазақстанның әкімшілік орталықтары болған Сарайшық, Сығанақ, Сауран құлап біткелі қашан. Таразда өткен ғасырда тұрғызылған бір-екі құрылыс қана сақталған, Шымкентте ол да жоқ. Бұрынғы тың игерген жерлерді аралап көріңізші, көне тарихтың ізін де таба алмайсыз», деп жазады.

Ата-баба мұрасын қорғау халқымыз үшін елдігімізді сақтап қалумен бірдей еді. 1978-1980 жылдары Мәдениет министрлігі жасақтаған далалық экспедициялар Қазақстанның 19 облысының 13-де жұмыс істеп, үш мыңнан астам ескерткіштер жайында жадығаттар жинап қайтты. Нәтижесінде «тұңғыш рет есеп карточкаларынан, өлшем сызбаларынан, фотосуреттерден тұратын ғылыми паспорттар негізінде 800-ден астам ескерткіш облыстық, республикалық, бұрынғы одақтық деңгейде мемлекет қарамағына алынды. 7 мыңға жуық ескерткіш қарапайым тізіммен жергілікті есепке алынды».

Қазақстанда, жоғарыда айтылғандай 25 мыңға жуық тарихи және мәдени ескерткіштердің барын ескерсек, бұл үлкен жұмыстың бастамасы.

Ө. Жәнібек 1990 жылы қазақтың дәстүрі мен өнерін тарихи – этнографиялық тұрғыдан зерттеу ісін жалғастыра отырып мынадай еңбектер жазды.

1990 жылы «Өнер» баспасынан «Эхо» деп аталатын орыс тілінде кітабы шықты. Кейіннен бұл кітап 1992 жылы қазақ тілінде толықтырылып «Уақыт керуені» деген атпен «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Бұл кітапта жүйелі түрде тұрақты қолданатын «жұмбаз», «ғарыштабы», «мұрақ», «кебмек», «тұскесте», «ілмекесте» тағы басқа бірқатар танымдық мәні терең таулар қазақ өнерінің терминдеріне тоқтала кеткен. Оларды сөз орайына, мән мағынасына қарай талдап, түсіндіріп отырады.

Бұл ыждаһаттылықты керек етумен бірге көп біліп, көп зерттеуден барып қорытылатын күрделі бағыт. Әрі ғылыми терминологиясы біржола қалыптасып кете қоймаған қазақ өнертану ғылымы үшін тиімді үрдіс [6;306].

«Уақыт керуенінде» халқымыздың қолөнері, әуезі, сәулеткерлігі, көркем өнері туралы зерделі ғылыми сипаттамалар мен қызықты тұжырымдар жасалған. Бұларды автор ата – бабамыздан қалған шығармашылық дәстүрдің үлкен бір мәуелі тармағы ретінде қарайды. Үй – жай құрылысынан бастап тұрмыс – тіршілікке қолданылатын тармағы ретінде қарайды. Үй – жай құрылысынан бастап тұрмыс – тіршілікте қолданылатын бұйым мен ғасырлар бойы қалыптасқан салт – дәстүр сипаттарына зерттеуші ең алдымен ұлттық таным заңдылықтарын, рухани дүние өзгешеліктерін көреді.

Мысалы: Қазақ ортасында кілемнің бірнеше түрі бар, ал олар ою - өрнегі мен тоқылған материалына, орындалу стиліне қарай көптеген түрге сараланып, өзгеріп отырады. Зерттеуші қазақтың сәулет өнерінің өзіндік мектебіндей тарихи – мәдени мұралар мен үй – жай ғимараттары жайлы да үлкен ықыласпен, терең білгірлікпен жазады [7; 293].

Бұл тұрғыда кітапта қозғалатын

тақырыптарда бір жүйеге түссек: қазақ шаңырағы, сол киіз үй аясындағы өнері, әдебиеті, мәдениеті жалпы тұтас бір рухани әлемі болып шығар еді.

«Уақыт керуені» ұзақ жылдарға созылған зерттеу жұмысының нәтижесі, көргені де, көңілге тоқығаныда мол маманның қолынан шыққан тағылымды, әрі танымды еңбек екені көрініп тұр.

Автордың өзі де қазақ этнографиясын зерттеумен бірге асыл дәстүр арналарын, халық мұраларының жұрнақтарын жинауға да тікелей араласып, атсалысып отырған. Торғай облысындағы ұста Аймағанбет (XIX ғасыр) салған үйді сақтап қалуға күш салғаны, би өнерінің асыл үздіктерін тірнектеп түзуге үлес қосқаны - өнерге деген іңкәр көңіл, көргенді көздің белгісі.

Қазір ел ішінде кең таралып, байырғы маңызын тапқан наурыз мейрамын қайта жаңғыртудағы қайраткердің жасаған бүкіл жұрт біледі. Сол наурыз сипаты жайлы да кітаптан байсалды ойлар таптық.

1982 жылы «Өнер» баспасынан «Культура казахского ремесла» деп аталатын кітабы шыққан. Бұл кітапта қазақтың дәстүрлі қолөнері этнография, тарих пен байланыстыра көрсетіледі. Қазақстанның Оңтүстігіндегі көп таралған киім үлгілері, музей қорларында, адамдардың қолдарында сақталған XYIII – XX ғасырларда шеберлер жасаған бұйымдар туралы жазылған [6;306].

Ал 1995 жылы «Рауан» баспасынан «Жолайрықта» деп аталатын қазақтың тұрғын үйі туралы еңбегі жеке кітап болып басылып шыққан [8;8].

Өзбекәлі Жәнібектің бұрын - соңды жүргізілген тарихы, археологиялық және этнографиялық зерттеуге өзі жинаған мәліметтерге сүйене отырып, қазаққа тән жылжымалы баспананың түрлерін қос, күрке, абылайша, ақүй, қараүй, отау, орда деп тұрақты мекен жайдың үлгілері – қоржынүй, тоқал там, тіркеспе, шарбақүй, дүкен, қыстық деп жіктегені өте орынды әрі ғылыми тұрғыда қисынды.

Ал олардың құрылымы мен пошымын этнографиялық дәлдікпен сипаттай отыра суреттерін бергені кітаптың құндылығын арттыра түскен. Мұның өзі автордың алғашқы аңшы қасынан (о бастағы аты белгісіз) киіз үйге өтетін баспана – күрке, абылайша түрінде, ал кепесінен (бастапқы аты белгісіз) қоржынүйге өтетін баспана – қоқыра түрінде болғаны ықтимал деп жорамалдау үшін ғылыми тұрғыдан көп іденгенін көресетеді.

Кітапта хылқымыздың қазақ, қыпшақ атанып жүріп, төрт түлік мал ұстап, көшпелі өмір кешкен тұсындағы негізгі баспанасы - киіз үй болғанын айта келіп, автор оның көшпелі халықтардағы бастаманың қай – қайсысын болса да маңызы жоғары жылжымалы тұрғын үйдің ел жетілдірілген түрі болған дейтін пікірді өрбіте түскен. Киіз үйдің қазіргі тұрмысқа да қызмет ете алатынын ескере отыра, ел киіз үй жасау өндірісін Маңғыстау, Сырбойы, Талас, Шу аңғарында дамыта түсу мүмкіндіктерінің мол екеніне назар аударған. Автордың мұндай қосалқылардың Ежелгі Отырардағы археологиялық қазба үйлерде кездесетіні – қазақтың қоржын үйінің ертеден келе жатқан үй құрылысының бірден – бір нұсқасы екендігіне меңзейді деген тұжырымына да толығынан қарауға болады.

1996 жылы «Қазақ киімі» атты альбом кітабы «Өнер» баспасынан

жарыққа шықты. Бұл кітабында ол қазақтың ұлттық киімдері, олардың түрлері туралы жазған.

1996 – 97 жылдары «Тағдыр тағылымы» деген атпен «Рауан» баспасынан жарыққа шықты. Бұл кітаптың бірінші томында Есте қалғандар, азаматтық парыз, жаңа заман айшықтары туралы, ал екінші томында Замандастарына арнау шеберлігі, шет елге сапары, мәдениеті, сәулеткерлігі қаралады.

1996 жылы Ө. Жәнібек пен Ж. Нұсқабайұлы бірлесе отырып жазған «Ежелгі Отырар» атты зерттеу еңбегі шыққан. Бұл кітап туған жері Отырарға жүргізілген зерттеулерге, қаланың мәдениетіне аса назар аудара отырып «Отырар өркениеті» - деген тарихи терминді өмірге енгізді [6;306].

Ө. Жәнібек Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы, Алматы, Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, мәдениет министрлігінің орынбасары, министр, орталық комитеттегі үлкен лауазымдары емес, сол қызмет бабында жүріп қазақ халқының рухани, мәдени қазынасы қойнауларын зерттеп тірнектеп жинаған асыл мұрасы, тарих ақтаңдақтарын қайта жарыққа шығаруға сіңірген көл – дария еңбектері қалды. Республикамыздың әр өңірінен еңсесі көтерілген мұражайлар, театр, филармония, халық оркестерлері – міне осының бәрі - бәрі мәдениетіміздің көгіндегі Өзбекәлі Жәнібек жаққан жұлдыздар.

Ө. Жәнібек 1926 жылдан 1988 жылға дейінгі тойланбай келген Наурыз мерекесімен қауыштырған этнолог ғалым.

Ол - 70 жыл ішінде ұмытылып кеткен салт – дәстүрімізді, мәдени мұрамызды зерттеуші.

Ол - қазақтың ұлттық киім үлгісін қайта өмірге әкеліп зерттеген ғалым.

Қазақ халқының асыл қасиеттерін, салт – дәстүрін, мәдениеті мен өнерін қайта тірілтуге бар күш – жігерін, ақыл – парасатын жұмсаған тұлға.

Қорыта айтқанда, Өзбекәлі Жәнібек «Халықтың мәдени мұрамыздың әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіру сыңайлас қат – қабат қам – қарекеттер тұрғысында тұңғыш бетбұрыс жасаған қажымас қайратын ел ешқашан ұмытпайды. Бұл ісі ғылым – білімін жолға қою мұрат – мүддесімен ұштасып жатыр».

Ө. Жәнібек атқарған мәдени мұраларды қорғау ісінің қай – қайсы да бүгінгі таңда егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді нығайтудың ең басты бағыттарына айналып отыр. Бұған мысал ретінде «Мәдени мұра» бағдарламасын атасақ жеткілікті.

Өзбекәлі Жәнібек сан ұрпаққа жететін өнеге, байтақ мұра қалдырды. Оның қаламынан туған зерттеу еңбектері бүгінде қазақтанудың алтын қорына қосылып, жас ұрпақты тәрбиелеудің құралына айналды.

Өзбекәлі Жәнібек атақ - мансап қуған жоқ, ойлағаны - халқы, іздегені - халқының асыл мұрасы болды. Ол ұрпақ тәрбиесін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамыту ісіне, халқының дәстүрлі өнерін дүниеге танытуға үлкен үлес қосты. Республика жастарын игі істерге бастаған ұзақ жылдарын, партия, Кеңес қызметінде жүріп басынан кешкендерін, тарихи және мәдени ескерткіштерді мемлекеттік

есепке алу, қорғау, қайта ұқсату және пайдаланудағы орасан еңбегін, сол сияқты әділет пен келешек қамы үшін жүргізген күресін халқы, келешек ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есенәлиев М. Ұлтын ұлықтаған азамат // Рух сардары.
2. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы I - кітап Алматы, Рауан, 1996 - 192 бет.
3. Адырбек Б. Өмір жолы өнегелі // Рух сардары. Құрастырған Б. Адырбек (Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Этнолог Ө. Жәнібектің туғанына 75 жыл толуына байланысты өткізілетін ғылыми теориялық конференцияға орай) Түркістан: ХҚТУ. «Тұран», 2006 ж. – 392 б.
4. Тұяқбаев Қ. Өз – аға - Әз – ағам // Рух сардары.
5. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992 - 192 бет.
6. Адырбек Б. Өмір жолы өнегелі // Рух сардары.
7. Арғынбаев Х. Ел ебелек емес. // Рух сардары. Құрастырған: Б.Адырбек. Түркістан: 2006 ж. –392 б.
8. Жәнібеков Ө. Жолайырықта Алматы «Рауан» баспасы. 1995 - 110 бет.

РЕЗЮМЕ:
Вклад Узбекали Жанибекова в культурное и духовное развитие казахского народа.

МУЗЕЙ ІСІ

Мұратбекова Б.Ә.
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Астана қ.

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАР

Ұлт мұрасын ұлықтаған музейге биыл ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы «Ұлттық» мәртебесі берілетінін айтты. Бұл игі іс музейге келушілердің ұлтымыздың тарихына, мәдениетіне деген құрметін, қызығушылығын одан әрі арттыра отырып, ғылыми ізденістер мен тың жобаларды жүзеге асыруға жаңа серпін береді.

Қандай музей болмасын, оның іргетасы музей заттарынан яғни қорынан бастау алады. Бүгінгі таңда Ұлттық музейдің қоры 290 мыңға жуық Қазақстан тарихы мен өнерінің теңдесіз қазынасынан тұрады. Музейдің қор

сақтамалары нормативтік құжаттарға негізделе отырып Халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Бұл бірінші кезекте экспозициялық залдар мен қор сақтамаларындағы құндылықтардың дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді. Жүйеленген қор сақтамаларда музейлік заттар мен коллекциялар жиынтығы материалына қарай: металл, ағаш, қыш, мата және т.б. топтарға бөлінген. Әр жиынтықтың қор сақтамасында топографиялық тізім ілініп, музей заттарының атауы, сипаттамасы мен есептік нөмірі көрсетілген.

«Мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқауға» сәйкес қорға жинақталған музейлік заттар есепке алынып, түгендеу нөмірі қойылып, төлқұжаты жасалып, ғылыми және қосалқы қор есебіне алынады. Жинақтау, жүйелеу, зерттеу жұмыстарымен бірге музей қызметінің негізгі бөлігі – бай мұрамызды көздің қарашығындай сақтау, жәдігерлерді қорғау болып табылады.

Режим (тәртіп, ереже) мен сақтау жүйесіне негізделген қор жұмысының бағыттарын «музей қорларын сақтау» дейді. Бұл музей заттарын қираудан, бүлінуден және ұрлаудан қорғауды, сондай-ақ жәдігерлерге қолайлы жағдайлар жасаудан тұрады.

Музей құндылықтарының дұрыс сақталуы үшін музей ғимаратының тұрақты және қажетті температурасы мен ылғал мөлшерін қадағалау ең маңызды тәртіп болып саналады. Сондықтан музей жиынтығын сақтау үшін ең алдымен тиімді



ауа температурасы құрылуы тиіс. Температураны термометрмен, ал ылғалдылықты термогигрометр, психрометр сияқты аспаптармен тексеріп отырады. Ауа температурасы мен ылғалдылық көрсеткіштері тәулігіне екі рет белгіленеді. Көрсеткіштер міндетті түрде қор сақтаушының арнайы бақылау журналына тіркеліп отырады.

Температура мен ауа ылғалдылығының өзгеруі заттардың табиғи ескіруінің ең маңызды факторы болып табылады. Егер ауа температурасы өзгерсе ауа ылғалдылығы да өзгереді. «Температуралық-ылғалдылық тәртіп» деген түсінік осы себептен пайда болған. Ауадағы жоғарғы ылғалдылық көптеген материалдардың күрделі химиялық өзгеріске ұшырауына себеп болады. Мысалы: органикалық материалдар, қағаз, ағаш, былғары, киіз, графика, фотосуреттер және биологиялық, зоологиялық жиынтықтар ылғалды бойына тартып ісінеді, яғни бұйымдардың бастапқы пішінін сақтау қиынға түседі. Зығыр, жібек, мақтадан дайындалған заттардың тығыздығы нашарлап бүлінеді. Металл бұйымдар жоғарғы ылғалдылықтан коррозияға ұшырайды, ал шыны, күміс күңгірттенеді. Ауа шамадан тыс құрғақ болған жағдайда органикалық материалдар кеуіп, беріктігі мен төзімділігінің нашарлауына әкеліп соғады. Соның салдарынан заттар сынғыш, үгітілгіш күйге түседі. Желімге отырғызылған заттарға да құрғақ ауа өте қауіпті.

Кейбір материалдар температуралық жағдайларға өте сезімтал келеді. Мысалы, ақ түсті қалайыдан жасалған бұйымдарды +18°С-ден төмен температурада сақтау өте қауіпті. Егер оны +12°С-ге дейін төмен температурада ұстаса, бұл материалдың құрылымы өзгеріп «қалайы обасы» ауруына ұшырайды. Затта сұр түске айналып, үгітіле бастайды. Мұндай күйге түскен заттарды тез арада оқшалау қажет.

Музей заттары үнемі қозғалыста болады. Оларды тасымалдау кезінде тиісті температура мен ылғалдылық жағдайлары бар жерде акклиматизациядан өтуі маңызды. Сақтау режимін дұрыс ұйымдастыру үшін заттың материалы мен құрылымын ескеру маңызды. Музейге түскен археологиялық заттар үшін орта мүлдем өзгереді. Металдан жасалған заттарда топырақты коррозия болады. Металдағы қатты таттану процесін затты ылғалдылығы өте төмен жағдайда ұстағанда ғана тоқтатуға болады. Ал, ылғалды топырақты ортадан алынған археологиялық ағаштар, керісінше, жоғары ылғалдылықта сақтауды қажет етеді.

Музейдегі заттардың сақталуына әсер ететін температуралық-ылғалдылық тәртіп олардың материалдарына, құрылымына байланысты анықталып, мамандардың зерттеулеріне негізделіп белгіленеді: металдар үшін сақталу температурасы +18°+20°С, 50%-ға дейінгі ылғалдылықта; шыны, эмаль, керамика үшін температура +12°+20°С-ге сәйкес 55-60% ылғалдылықта; тастар (соның ішінде құнды, жартылай құнды, тастар да кіреді) үшін +15°+18°С және 50-55%; ағаш үшін +15°+18°С және 50-60%; мата үшін +15°+18°С және 55-65%; тері, аң терісі бұйымдар үшін +16°+18°С және 50-60%; сүйек, мүйіздер үшін +14°+15°С және 55-60%; қағаздар үшін +17°+19°С және 50-55%; өнер туындылары үшін +12°+18°С және 60-70%; ылғалдылықта ұстау қажет.

Материалдарды кешенді түрде

сақтаудың көрсеткіші мынандай: температура +18°±1С, қалыпты ылғалдылық 55±5% болуы тиіс.

Музейдегі белгіленген климаттық жағдайдың тұрақтылығына әр түрлі факторлар әсер етеді. Олар: жылдық маусымдық және тәуліктік температураның және сыртқы ауа ылғалдылығының өзгеруі; музей ғимаратын салу үшін қолданылған материалдың сипаты; ғимараттың орналасқан жері; музейге келушілердің саны.

Маусымдық өзгеріс жыл мезгілінің ауысуына және жылу жүйесіне, ал, тәуліктік өзгеріс тәулік бойы температура мен сыртқы ауа ылғалдылығының өзгеруіне тікелей байланысты. Маусымдық өзгерісті тұрақтандыру үшін музейдегі жылу жүйесін ерте күзде қосып, көктемнің соңғы уақыттарында өшіру керек. Жоғары ылғалдылықта жылуды күшейту қажет.

Температуралық-ылғалдылық тәртібін бір қалыпта реттеу (ұстап тұру) үшін желдетудің маңызы зор. Ол ауаның жоғары ылғалдылығымен күресуге көмектеседі және оны ауа райының өзгерістерін ескере отырып жүргізеді.

Сақтау орындары мен сыртқы ауаның ылғалдылығы мен температурасының арасында тым алшақтық үлкен болған жағдайда желдету өте қауіпті. Сондықтан, сыртқы және ішкі температура көрсеткіштері жақын болғаны дұрыс. Желдеткен кезде кірген ауа музей затына тура тимегені жөн.

Температура-ылғалдылық тәртіпті тұрақтандыру үшін қолданылатын тағы бір әдіс ауаны құрғату немесе ылғалдандыру болып табылады. Сақтау



орындарын ылғалдандыру қажет болған жағдайда, өнеркәсіптерде дайындалған әртүрлі ылғалдандырушылар қолданады, жылу көздерінің жанына ылғалды маталар іліп, арнайы ыдыстарға су құйылып қойылады.

Температура-ылғалдылық тәртіпті тұрақтандыру мен реттейтін жоғарыда аталып өткен әдістерден басқа ең тиімді түрі ауаны кондиционерлеу болып табылады. Ауаны кондиционерлеу жүйесі сақтау орындарында қажетті температура мен ауа ылғалдылығын өзгеріссіз ұстап тұрады. Музейдің сақтау орындарына арнайы құрал-кондиционерлердің көмегімен ылғалданған немесе құрғатылған, ыстық немесе суық ауа жіберіліп тұрады.

Музей заттарының зақымдалуына әсер ететін негізгі себептердің тағы бірі - жарық сәулесі. Жарықтың әсерінен заттар химиялық және физикалық өзгеріске ұшырайды. Сондықтан музейдегі жарыққа қойылатын тәртіптің маңызы зор. Бұл тәртіп бойынша заттарды тұрақты жарық сәулесін мүлдем түсірмей немесе жартылай, кейде белгілі бір көлемде түсіру арқылы сақтауға болады. Ол музей заттарының қандай материалдан жасалғанына байланысты анықталады. Материалдардың қасиеттеріне қарай жәдігерлер жарыққа төзімді (гипс, шыны, металл, тас және т.б.) және жарықтың теріс әсеріне бейім (аз дәрежеде - майлы бояу, көп дәрежеде - маталар, акварель, қағаз).

Бөлмедегі шамадан тыс жарықтандыру бейнелеу өнері туындыларына зақым келтіруі мүмкін. Егер жарық жеткіліксіз болса, картиналардың түстері айтарлықтай қараңғыланады және әртүрлі зиянкестер кенепті зақымдап, тез көбейеді.

Табиғи және жасанды жарық кескіндеменің көрінетін (түстің бұрмалануы) және көрінбейтін (кенептің және басқа да кескіндеме материалдарының зақымдануы) зақымдалуын тудыруы мүмкін. Жасанды жарық ультракүлгін сәулелерге бай, сондықтан тікелей күн сәулесі әсерінен жәдігерлерге үлкен зиян келеді. Заттар фотохимиялық өзгеріске, яғни сарғайып, бозарып немесе түсінің толық өңіп кетуі мүмкін. Жасанды жарықта болатын инфрақызыл сәулелердің әсері зиян, солардың ішінде люминесценттік шамдар қауіпті. Мұндай шамдардың спектрлік құрамы күндізгі жарыққа жақын. Кәдімгі қыздыру шамдары бояуға зиянды әсер етпейді, өйткені олардың спектрі 80% инфрақызыл сәулеленуден тұрады.

Жарық әр түрлі материалдан жасалған заттарға әртүрлі әсер етеді. Жарыққа төзімділігі жағынан заттарды үш топқа бөлуге болады:

- жарыққа төзімділігі жоғары: металдан, түссіз тастан, гипстен, түссіз шыныдан жасалған заттар;
- жарыққа төзімділігі орташа: сүйектен, теріден, былғарыдан, ағаштан жасалған заттар және майлы бояулы кескіндеме туындылары.
- жарыққа төзімділігі төмен заттар: фотосуреттер, акварель, қағаз, мата.

Заттарға жарықтың әсері тек материалына ғана емес, сонымен қатар, оның түр-түсіне де байланысты. Зат күңгірт, қара түсті болған сайын оның жарықты сіңіру қасиеті арта түседі. Жарықтан қорғаудың басты талабы барлық материалдар үшін күн сәулесінің тікелей түспеуін қадағалау.

Жарық сәулесіне сезімтал барлық заттарды қараңғы орындарда, арнайы жарықтан қорғайтын әйнектермен

қапталған қор жабдықтарында сақтайды.

Экспозициядағы жәдігерлерге тікелей күн сәулесі түспейтіндей етіп орналастырылады. Жарыққа аса сезімтал жәдігерлер қойылған витриналар арнайы жарықтан қорғайтын жапқыштармен жабдықталады. Жасанды жарық көздерін жәдігерлерден 1,5-2 метр қашықтықта орналастырған дұрыс.

Экспозициялық залдардың температуралық-ылғалдылық тәртібі музейге келушілердің келу дәрежесіне де байланысты. Адамдардың көп болуы ауаның температурасы мен ылғалдылығын жоғарылатып жібереді. Сонымен қатар ауада көмірқышқыл газы мен шаң-тозаң көбейіп кетеді. Экспозициядағы сөрелер шаң-тозаң кірмейтіндей етіп жасалыну арқылы бұл жағдайлардың алды алынады. Ауаны тазарту үшін сүзгілер қолданылады. Олар желдеткіш қондырғыларға орнатылады, осылайша жеткізілетін ауа залдарды мүмкіндігінше тазартады.

Егер музейдегі температура-ылғалдылық тәртібі бұзылса, заттар шаң-тозаңданып кетсе, музейдің айналасы ластанатын болса, музейге жаңа түскен заттар дезинфекциясыз қабылданса биологиялық зиянкестер үшін ыңғайлы жағдай туады. Құрт-құмырсқа, кеміргіштер сияқты зиянкестер металл, шыны, керамикадан басқа заттарды қатты зақымдауы, бүлдіруі мүмкін. Сондықтан, олардың пайда болып, тарап кетуіне кедергі жасайтын жағдайлар жасалуы қажет.

Күйе, саңырауқұлақ зеңі шалған заттарда әр түрлі түстегі дақтар қалады. Оларды кейде қалпына келтіру мүмкін емес. Зеңденген саңырауқұлақ түскен заттарды тез арада басқа заттардан бөліп алып, жеке ұстау қажет. Әрине, олардың жағдайын дұрыс анықтау үшін арнайы зертханалық сараптамалар қажет. Зеңденген саңырауқұлақ ауруын болдырмау үшін музей жабдықтарын 2%-ті формальдегидтің спирттік ертіндісімен жиі сүртіп отыру керек. Мата, қағазды зеңденген саңырауқұлақтан тазалау үшін формалин, тимолмен дезинфекциялайды. Оларды музей тәжірибесінде ерітінді және бу түрінде де қолданады.

Қазіргі таңда заманауи микроклиматтық жүйелер мен құрылыс материалдарының арқасында мәдени және тарихи құндылықтарды сақтауға барлық мүмкіндіктер бар. Ол жәдігерлерді дұрыс сақтау және көрсету арқылы жойылудың алдын алуға және ең бастысы, реставраторлардың қызметін қажет ететін жағдайға жеткізбеуге мүмкіндік береді.

Музей таным мен тарихтың қайнар көзі. Біздің басты міндетіміз – тарих қойнауынан сыр шертетін асыл мұрамызды кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің ҚР музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығы. №372 бұйрық.

2. Журналдағы мақала: В.Б. ДОРОХОВ. Свет и климат. Нормативные требования и практика сохранения культурных ценностей// Светотехника. – 2022 ж. 74–77 беттер.

3. Мақала. Татьяна Андреевна Приходько. Хранение и предотвращение разрушения музейных экспонатов. Краснодарский государственный

институт культуры. г. Краснодар, Россия
4. Кітап: Т.Ю. Юренева. Музееведение. Учебник для высшей школы. М . : Академический Проект, 2003.— 402 стр.
5. Электронды дерекккөз: Ольга Сластикова. Сохранить наследие. Пресс-служба компании ROCKWOOL Russiahttps://www.vashdom.ru/articles/rockwool_42.htm
6. Дәрістер: Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, РФ Мемлекеттік Эрмитажы.

РЕЗЮМЕ:
Нормативные правила и опыт хранения фондов в музее.

ҚАЛАМГЕР ТАҚЫРЫБЫ

Жұмашова А.А.
Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы
Түркістан облысы, Отырар ауданы

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ

Қазақ халқының қолөнері арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмірін көруге болады.

Жүннен бұйымдар жасау белгілі бір өнерді, шеберлікті қажет етеді. Қазақ халқының өткен тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік малдың рөлі үлкен болды. Төрт түлік малдың жүнінен текемет басып, сырмақ сырып, тұскиіз жасап, кілем, алаша, шекпен, қоржын, ши тоқыған. Қолөнер бұйымдарының бетіндегі ою-өрнектер қазақ халқының өткен өмірін, тұрмысын табиғат көріністерімен астастыра бейнелейді.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында жүннен жасалған бұйымдар табылған. Мысалы Пазырық қорғанынан б.з.б. V ғ. табылған тұскиіз, кілем, кіші кілемшелерді атауға болады.

Ата-бабаларымыз табиғаттың әр құбылысын, мінезін түсіне білген, ән салуды, ою-өрнекті, қолөнерді табиғаттан тікелей еншілеген. Табиғатта болып жатқан сұлулықты ою-өрнектерге түсіріп, сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттағаны белгілі. Жалпы ірі ою-өрнектер сырмақ, кілем, текемет, тұскиіз, алаша т.б. бұйымдар мен сәулет өнерінде кеңінен қолданылған. Қазақстан ғылым академиясының академигі, Ұлттық археология және этнография мектебінің негізін қалаушы, өнертанушы Ә. Марғұлан былай деп жазады: «Қазақтың ертегі – жырлары сұлу болатыны сияқты, оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке т.б. затқа түсірген ою үлгілері де сондай өрнекті болған».

Сонымен қатар, жүннен жасалған киіз, текемет, кілем, кіші кілемше секілді археологиялық бұйымдар Алтай тауы, үлкен Ұлаған өзені бойынан да табылған. Алтай өңіріндегі халықтың тұрғын жайы қазақ халқының тұрғын

жайына ұйқас болып келеді деп археолог С.И. Руденко жазған. [Маргулан, 1986: 32].

Әр халық өз қолөнері бұйымдарының ою-өрнегіне өзіне тән із салып, рухани байлығын осы өрнекке төгіп, оюлар арқылы ой айтып, адамның арман тілегін де бейнелеген.

Хас шеберлердің құнды мұралары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қоры қызметкерлерінің әр жылдары ұйымдастырылған этнографиялық экспедициялары барысында және қолөнерді шын сүйіп қастерлейтін жәдігер жанашырларының музейге сыйға тартуымен жиналды. Олар тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені Түркістан облысы, Отырар ауданындағы «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығында сақтаулы.

Қазақ тіршілігінің тірегі болған төрт түлік малдың жүнінен небір асыл бұйымдар жасалған. Сондай бұйымдардың бірі тұскиіз, оны барқыттан, жібектен, шұға т.б. жасайды. Ол маталардан ойылған өрнектерін жұқа әрі тығыз орналасқан киіз шаршысына жапсырып, қабырғаға кілем орнына ілетін сәнді бұйым. Тұскиіз - іргеден өтетін суықтан сақтану үшін қолданылатын ең кәделі бұйым болған, оны тығыз, жұқа етіп басылған киізден жасаған. Тұскиіздің түрлі матаның бетіне кестелеп ою-өрнектер түсірілген түрі де кездеседі. Қазақстанның әр өңірінде кездесетін тұскиіздің өз ерекшеліктері бар.

Тұскиіз киіз үйдің жасауы ретінде сән берер жиһаз болғанмен қыстыгүні оны керегеден суық кірмес үшін де пайдаланған. Сондықтан да оны қалың киізден жасап, үстінен әдемілеп, көркемдеп мәнерлі өрнек түсіреді. [Тәжімұратов, 1977:38].

Тұскиіз бетіне матадан түсті жіптермен кестелеп «жұлдызша», өсімдік тектес, ою-өрнектер түсірілген түрі Орталық Қазақстанда көп кездеседі. Семей өңірінде барқыт, мақта матаның бетіне кестелеп өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген. Көкшетау өңірінде тұскиіздің бетіне шибарқыт матадан ойып «арқар мүйіз», ал шеттеріне «сынық мүйіз» ою-өрнегі бейнеленген. Сондай-ақ майда ромб



Автордың өз қолымен жасаған туындысы

ішіне «төрт құлақ», ал шеттеріне «мүйіз» ою-өрнектерін шибарқытқа жапсырған. Шығыс Қазақстанда мақта мата, помази, драп, т.б. маталардан түсті жіптермен кестелеп шеңбер ішіне, «жұлдызша», «сыңар мүйіз», өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген түрі, тағы бір түрі бетіне түгел майда ромб, келесі түрі бетіне ірі «арқар мүйіз» ою-өрнегін кестелеп түсірілген түрі көп кездеседі.

Павлодар өңірінің шеберлері жасаған тұскиіздер айшықту мәнерінің өзгешелігімен ерекше назар аудартады. [Тәжімұратов, 1977:38] Талдықорғанда мақта мата бетіне түсті жіптермен кестелеп ортасына дөңгелек шеңбер ішіне өсімдік тектес, ал, шеттеріне ірі өсімдік ою-өрнектері түсіріліген түрі көп кездеседі. Тұскиіз бетіне «қошқар мүйіз», «қос мүйіз», «сыңар өкше» өрнегі, шеттеріне «ирек су» өрнегі түсірілген, оны айналдыра «арқар мүйіз» өрнегі түсірілген түрі, сондай-ақ «тармақты» мүйіз өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі.

Оңтүстік өңірінде тұскиізді ақ немесе қара киізден басып бетіне матадан ойып өрнектер түсіреді де шеті шыт матамен көмкеріледі. Тұскиіздің бетіне ромб ішіне «төрт құлақ» өрнегі түсірілген, шеттеріне «сыңар мүйіз» ал одан жоғары мүйіз өрнегі салынған түрі көп кездеседі.

Геометриялық өрнек тобына жататын ромбы өрнегін Орталық Қазақстанда айшық, Солтүстік Қазақстан облыстарында екі көзді, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында шаршы деп атайды. [Жәнібеков, 1992: 49-53] Ал, бестаңба ою-өрнегі дүниенің төрт бұрышын шартты түрде бейнелеу ұғымын білдіреді. [Өмірбекова, 2004:50].

Сондай-ақ бетіне алтын, күміс, теңгелер, маржан, меруерт қадалған түрлері де болған. Тұскиіз жасаушы шебер киіздің бетін оюлайтын маталарды өз қалауынша таңдап алады. Тұскиізге «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз», «сыңар өкше», «тармақты мүйіз», «қоза гүлі» тәрізді ою-өрнектер түсірілген. Ал, шетін бір түсті матамен көмкереді. «Отырар» музей-қорығының қорындағы тұскиіздің мына бір түрі ақ түсті жүннен басылып бетіне «төрт құлақ» ою өрнегі матадан ойылып шетін шыт матамен көмкерген. Ұзындығы – 2 м. 86 см, ені – 1,78 см. Келесі түрі қара түсті жүннен басылып ортасына тұтас «төрт құлақ», шеттеріне «құс тұмсық» ою-өрнегі түсірілген. Ұзындығы – 3 м. 29 см, ені - 1 м. 58 см. Халық шеберлерінің құнды мұраларын жинастырып, олардың еңбектері туралы деректерді жазып, зерттеу мақсатында музей қызметкерлері бірнеше этнографиялық экспедиция ұйымдастырды.

Жыл сайын ұйымдастырылатын этнографиялық экспедиция барысында Отырар өңірінде атақты тұскиіз жасайтын шеберлер болғанын анықтадық. Атап айтатын болсақ: Бақтиярова Қалыгүл, Әбдіхалықова Несібелі, Бейсенова Тұмаркүл, Әлімқұлова Сәрсенкүл, Қаратаева Қалдықыз, Палмахатқызы Құттығыз, Серікбаева Тұрғанкүл, Рахматуллаева Ақұлтай, Тағаева Жібек, Қаратаева Қалдықыз, Бөрібекова Таңсұлу, Көпесова Шолпан, Жүсіпбек Шолпан, Алимқұл Сәрсенкүл, Арыстанбаева Күлтай, Қалыбекқызы Үржан, Тұрлыбекқызы Үрзада, Оралбаева Бибі, Ақылова Гүлнәр, Қалтаева Гүлсара, Сүлейменова Пердекүл, Түйебақова Қадиша, Рахматуллаева Ақұлтай, Аликулова Ұлбосын, Ишанбаева Тұрсынкүл, Дәрібекқызы Қызжібек,

Нұрділдақызы Қыздарбек. Қолөнер шеберлеріне жасаған еңбектері үшін алғыс айтамыз.

Оңтүстік өңірінде тұскиіз жасайтын шеберлер көп болған. Шебер апамыздың бірі Түркістан облысы, Отырар ауданы, Аққұм елді мекенінің қолөнер шебері Несібелі Әбдіхалықованың тұскиізін ерекше айтуға болады.

Несібелі апа 1942 жылы Түркістан облысы, Киров ауданында дүниеге келген. Зеректігі мен ұқыптылығының арқасында киіз үйдің бау-басқұрынан бастап түкті кілем, тақыр кілем, алаша тоқу, текемет басып сырмақ сыруды Несібелі апа өз анасынан 9 жасынан бастап үйренген. Оны ауыл аймағы түгел таныған шебер қыз атанады. Аталған өнер түрлерін шебер жасай білген ананың есімін бүгінгі таңда жұртшылық мақтанышпен атайды. Шебердің айтуы бойынша бұл өнер түрі күрделі де бейнеті мол сала, үлкен шыдамдылықты төзімділікті қажет етеді. Жасаған бұйымдарына қарап шебердің қиялына таң қаласыз, бояулары бір-біріне үйлесімді, оюлары жатық болып келген, көз тартар сәнімен, үздік орындау шеберлігімен ерекше көзге түседі. Оның жасаған еңбегін айтып беруді сұраған еліміздің түкпір-түкпірінен қолөнер бұйымдарын зерттеушілер шын ықыласпен келіп жатады. Халық шеберлерінің айшықты да өрнекті үлгілерімен жасалған туындылары жоғары бағаланып ҚР қолөнер шеберлерінің каталогына енгізілді.

Қазақ халқының қолөнер бұйымдарының ішінде жүннен жасалған бұйымдардағы ою-өрнек түрлерінің негізі мүйіз өрнегі болып табылады. Несібелі апаның қолынан шыққан қолөнер бұйымдарындағы басты өрнек ретінде мүйіз өрнегі алыныпты. Өйткені мүйіз өрнегімен бедерлеу көнеден келе жатқан дәстүр. Әрбір ою-өрнектің өзіндік философиялық мәні бар. Несібелі апаның қолөнер бұйымдарындағы ою-өрнектерінің өзінен біздің өткен замандарымыздан бай мағлұмат алуға мүмкіндік беретінін байқаймыз. Бұйымдарды тоқу үшін пайдаланатын табиғи қоспалардан дайындалған көне бояулардың қанша уақыт өтсе де өз нәрін кетірмегені бізді қуантады. Несібелі Әбдіхалықованың айтуы бойынша қолөнер бұйымдарын жасау барысында, сырмақ сырып, текемет басып, тұскиіз жасап, кілем, алаша тоқуда бір-біріне көмекке барған ағайын, көршілердің басы қосылып, әңгіме-дүкен құрып, ет асылып, шай қайнап жалпы бір-біріне деген мейірімі, сыйластығы артып, естеліктер айтылып адамдар бір-біріне жақындай түседі. Қолөнер шеберінің еңбегіне қарап үнемшіл де, ұқыпты болғанын аңғаруға болады. Несібелі Әбдіхалықованың жасаған тұскиізі «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей қорығының төрінен орын алды. Музейдің бет-бейнесі болып табылатын экспозиция залының этнография бөліміне қойылып көрермендердің жоғары бағасына ие болып келеді.

Тігуі де, жығуы да оңай киіз үй пайда болғалы көшпенділер киіз басып одан әр түрлі бұйымдар жасауды одан әрі жетілдірді, киіз үйдің туырлығы мен үзігін, түңлігі мен дөдегесін айтпағанда еденге төсейтін текемет, сырмақтарды, тұсқа ілінетін тұскиіздер мен әр түрлі қаптарды да киізден жасады. [Қазақ қолөнері, 2010:138] Қолөнер бұйымдары ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани азық әкелген, халық өмірімен бірге жетіліп келе жатқан өнер. Ертедегі

ата-бабаларымыздың қолөнер үлгісін, шеберлігін сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа жеткізу, үйрету бүгінгі таңда игілікті іс болып қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Х. Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-ата: Өнер, 1986 – с. 32.
2. Ә. Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ.- Қазақстан баспасы, Алматы-1977. 38б.
3. Ә. Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ.- Қазақстан баспасы, Алматы-1977. 38б.
4. Ө. Жәнібеков. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992 - 49-53 б.б
5. М.Ш. Өмірбекова. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. – Алматы: Кітап, 2004 – 50 б.
6. Өмер Займоғлы. Студенттердің кілем өнері арқылы педагогикалық іс-әрекетке дайындаудың дидактикалық шарттары. - Түркістан 2008. 3 б.
7. С. Қалиев, М. Оразбаев, М. Смайлова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, Рауан- 1994, 57 б.
8. Г. Қыдырбекова. Мәдени мұра №4 (31) тамыз-қыркүйек. 2010. 81 б.
9. А. Жұмашев. Отырар алқабындағы қолөнер. Алматы 2017 ж. 90 б.
10. Ө. Жәнібеков. Жолайрықта. – Алматы: Жазушы, 1995.
11. Ежелгі Отырар, құрастырғандар. Жарылқасын Нұсқабайұлы, Өзбекәлі Жәнібек. Алматы, 1997.
12. Дәркембай Шоқпарұлы. Қазақтың қолөнері. Алматы, 2005.
13. Муканов М.С.Казахская юрта. Алма-ата, 1981.

РЕЗЮМЕ:
Историко-культурное наследие ремесленников, сохранивших традиции изготовления войлочных изделий.

Шәкен Т. С.
«Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі
Астана қ.

«ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ: МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

«Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?»,- деп Мағжан Жұмабаев жырлағандай, әлемнің 40 астам мемлекетінде тарыдай шашылып кеткен барша түркі жұрты бүгінгі Қазақ елін киелі де, қасиетті құт мекенім, қара шаңырағым деп құрметтейді.

Отаны жоқ, туы жоқ, тілі мен ділінен, құндылығынан, ұлттық тамырынан ажыраған қанша ұлт бар. Бұл жағы¬нан алсақ, біз, қазақ шүкіршілік ететін жағымыз көп. Түркі жұртының қара шаңырағына ие болып отырған қазақ-тың арманы жоқ десек, артық айтпаған болар едім.

Иісі қазақ үшін қара шаңырақ ұғымы өте қасиетті, қастерлі. Халқымыз қашанда қара шаңырақты қадір тұтқан. «Шаңырақ» бұл киіз үйдің төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Отау құрған жастарға «Шаңырағың биік болсын!» деп бата береді. Бұл – құрған отбасыңның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз.

Қазақ ұлтының қара шаңырағы бұл – бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған жері, ана тілі, діні, ұлттық құндылығы, ұлттық болмысы, бабалар дәстүрі мен салт-санасы. Тек осы ерекшеліктерімізбен ғана ұлтымызды сақтай аламыз.

Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан жаһандық үдерістердің қарқыны көз ілеспес жылдамдықпен белең алуда. Алпауыт елдердің шаңында көміліп қалмас үшін елімізде белсенді түрде әлеуметтік-экономикалық, демократиялық қайта құрулар жүзеге асырылуда. Алайда, ең басты мәселе – ұлттық болмысымыздан ажырап барамыз. Қазақстандық қоғамның рухани әлеуетін көтеру - бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.

Бүгінгідей жаһандану үдерісі жайлаған кезеңде ең өзекті мәселе – біздің ұлттық болмысымыздан ажырап бара жатқанымыз болып отыр. Шеттен келіп жатқан дүниенің жақсы да, жаман да жағы бар. Қазіргі жаһандық ақпараттық революция мәдениет пен руханиятты, адамгершілік пен сана-сезімді тағдыр талқысына салып отыр. Бүгінгі ұрпақтың санасына бойлай еніп бара жатқан бірегейлендірілген псевдомәдениет, моральдық деградация келешегіміздің кемел, болашағымыздың баянды болуына қауіп төндіруде. Адамгершілік құндылықтар дағдарысы, отбасының ойрандалуы, бір жыныстық неке санының ұлғаюы, есірткі мен алкогольге тәуелділік, жезөкшелік, педофилия, жеңұшынан жалғасқан жемқорлық, азғындық, қатігездік және т.б. рухани кеселдер бүгінгі қоғамның асқынған дертіне айналып отыр. Мәдени мұрамызды, ұлттық өрісімізді, өркениеттік әралуандылықты жоғалтып алу қаупі туды.

Сондай-ақ ұлт қауіпсіздігіне қауіп келтіретін факторлардың бірі – деструктивтік діни ағымдар болып отыр. Олар дәстүрлі отбасылық құндылықтарды мойындамайтын және азаматтық борыштан бас тартуға итермелейтін ағым. Олармен күрестегі ең басты құрал - ұлттық құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу.

Діни жат ағым өкілдерінің әрекеті араласып кеткен «Қаңтар қасіреті» халқымыздың қабырғасын қайыстырып, елімізді дүрліктіріп, мемлекет тыныштығын бұзды. Қаншама жас қыршынынан қиылып, қанша ана зарлап қалды. Бүгінде жастарымыздың арасында ұлтының құндылығынан безіп, діні мен ділінен ажырап қалғандар баршылық. Бұл рухани азғындықтың ауыр салдары қоғамда дін мәселесіне, діл мәселесіне «майшаммен қарау» керектігін ұқтырды. Ұрпақтың рухани-өнегелік тәрбиесіне жіті мән беру қажеттігін көрсетті. Бұл оқиға көкірек көзі ояу, ұрпағының болашағына, елінің ертеңіне алаңдайтын жанның барлығына ой салды. Бүгінгі бала, ертеңгі қоғамның бір бөлшегі, мемлекеттің азаматы. Сондықтан да ертеңгі ел азаматын тәрбиелеу – қоғамның да, мемлекеттің де жауапты міндеті. Рухани-өнегелік тәрбие адамды моральдық азғындықтан, қоғамды рухани құлдыраудан сақтайды. Рухани жұтаңдық қоғамның бұзылуына

әкеледі.

Сол себептен өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесімен айналысатын ұлттық идеология керек. Себебі, мемлекет ұлтты қалыптастырмайды, ұлт мемлекетті қалыптастырады. Жоғалтқанымызды түгендеп, жаншылған ұлттық рухымызды тірілтіп, өткеніміз бен өшкенімізді қайта жағып, қазақтың өзіне тән ұлттық болмысын қайтаруымыз керек. Мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ ұлтының заманауи бейнесін қалыптастырып, қазақ отбасының озық моделін жасап, отбасы институтының мәртебесін көтерсек, бүгінгі қоғамның дертіне айналған көп өзекті мәселелердің түйіні шешіліп, өскелең ұрпаққа, жастарға рухани-өнегелік тәрбие беріліп еліміздің өркендейтіні сөзсіз.

Осы тұрғыда, ұлт болашағының кемел болуына үлес қосатын, ұрпақтың рухани-өнегелік тәрбиесімен айналысатын, ұлттық құндылықтарымызды түгендейтін, тарихи санамызды жаңғыртатын, қазаққа тән ұлттық кодты ұлықтайтын «Қара шаңырақ» ұлттық жобасын жасадым.

Ол кезде Сарыарқа ауданының тұрғынымын. Сол кездегі аудан әкімі Егемберді Ерғали деген азаматқа жобам жайлы айтып, мен ұлт жанашырларын жиып бір жиын өткізгім келетінін айттым. Ол кісі әкімдіктің жиналыс бөлмесін беріп, 2019 жылы 7 қыркүйекте өткен сол жиынға өзі де қатысты. Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, ұлт руханиятының нағыз жанашыры, марқұм Мырзагелді Кемел, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ғалым, ұстазым Жамбыл Артықбаев ағаларым бастаған бірталай адамды жинап алып «Қара шаңырақ» жобасы жайлы айтқан едім.

Марқұм Мырзагелді Кемел ағамыз сол Сарыарқа аудандық әкімдігі ғимаратында өткен алғашқы дөңгелек үстелде «Қара шаңырақтың» құрылуына шын ниетімен батасын беріп, «сенің қолыңнан келеді, қарындасым» деп үлкен сенім артып, рухани күш берген еді. «Қара шаңырағымыз шайқалып тұр, айналайындар, оны түзу, биік ұстау, әр қазақтың қолында»,-деген адамның жанын жылатып, жүрегіне ой салатын сөздері әлі күнге дейін құлағымда жаңғырып тұр. Аз ғана уақыт ішінде Мырзағам рухани әкеме, ақыл берер данагөйіме айналды. Әрдайым жол көрсетіп, ақылын айтып, батасын да аямайтын. Бірде Мырзағам: «Қарындасым, сен 25 жыл бұрынғы маған ұқсайсың,-дегенінде, аға, мен не ер-азаматқа ұқсап тұрмын ба?»,-деген әзіл-шыны аралас сұрағыма, менің ойымдағы дүниені айтып, көтердің, ризамын, осы жолдан тайма, тоқтама,-деп еді.

Бір жиынымызда мені төрге шығарып, «қарындасым, енді сенің орның төр» деп, мен қояр да, қоймай төрге отырғызып қойған. Бұл әрекетінің мағынасын кейін ұқтым. Төрге шығару арқылы марқұм Мырзағам мойныма үлкен рухани жүк артты, «сенің қолыңнан келеді, сен осы рухани жүкті ұрпаққа жеткізушісің, ұлттық құндылықты насихаттаушысың, қоғамды рухани сауықтырушысың» деп кеткендей, жан аға! Өйткені қазақтың «Қара шаңырағының» жүгі ауыр, жолы қиын екенін сәт сайын сезем. Қазақ қызын «қарындас» деп құрметтейтіндер азайған заманда сізді сағынамын, аға! Мырзағамдай қазаққа нағыз жанашырымыз болғанда «Қарашаңырақтың» төрінде қасқайып


қазақы дәстүрлерді, отбасылық құндылықтарды
насихаттаушы Зейнеп Ахметовамен болатын
«Ұлттық тәрбие - ұлттық рухтың негізі»
атты кездесуге шақырамыз /кіру тегін/.
Ұйымдастырушы:
Нұр-Сұлтан қаласы
Тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасының қолдауымен
«Қарашаңырақ»
25 мау
8701 288 49 60



отырып, ақылшымыз болар еді-ау, біз үшін жабық есіктер ашылар еді-ау!,-деп жабығатын күндерімде болады. Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын, Мырзағам!» деп жиі еске аламын.

2020 жылы 20 наурызда «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігін заңды түрде тіркеп құрдық. Сол уақыттан бері жұмыс істеп келеміз.

Бірақ қоғамдық жұмысты бұданда ерте, жұмысыма қосымша, 2011 жылдары бастағанымды да айтып өтейін. Адам қоғамға ұрпағының болашағына алаңдағаны үшін шығады деп ойлаймын.

Екі ұлым бар. Олар дүниеге келген сәттен бастап, «Ертең менің балаларым қандай қоғамда өмір сүреді? Олардың достары, ортасы, болашақ жұптары кім болады?» деген ой мазалай бастады. Қоғамдық жұмыс балаларыңның балабақшасы мен мектебіндегі белсенді ата-ана болудан басталады деп ойлаймын. Өзім сол екі ұлымның балабақшасынан басталған белсенділік, кейін мектепте ата-ана төрайымдығымен жалғасты. Кейін Астана қаласындағы мектептерге, балабақшаларға дәріс оқып, қоғамдық жұмысқа араластым. Сөйтіп жүріп ұрпақ тәрбиесінде кетіп жатқан кемшілікті осыдан 15-20 жыл жыл бұрын байқағанмын. Сол кезде-ақ дабыл қаға бастадым, аяғым жеткен мінберлерде айтып та жүрдім. Бірақ ол кезде «Не айтып тұрсыз, қандай ұлттық құндылық, қандай ұлттық тәрбие? Жаһандану келе жатыр. Түп-түбінде бір ұлт боламыз. Тіл не керек, діл неге керек?» дегендер болды.

Сөйтіп 30 жыл ішінде барымыздан айырылдық. Білім саласына бір министр келіп, бір өзгеріс енгізіп, екіншісі, үшіншісі, әйтеуір білім саласы «эксперимент алаңына», ал балалар «эксперимент қояндарына» айналып, тәрбие мәселесі ысырылып қалды. Тек білім, білім деп жүрдік. Енді келіп «ойбуй, қатігез, мейірімсіз, қайырымы жоқ, үлкенге құрметі жоқ, тәрбиеден жұрдай ұрпақ қайдан келді?» деп дабыл қағып жатырмыз.

Отыз жыл бойы жас ұрпақты ұлттық құндылығынан айырып, «ұраншыл, жалған патриоттықты насихаттап, өтірік ақпар, есеп беретін, бізде бәрі тамаша» деген нәрсені сіңірдік. Енді келіп, айналасына немқұрайлы қарайтын, қатігез, тасбауыр ұрпақ қайдан шықты дейміз. Қайдан шықсын, біз кінәліміз. Ісімізбен сөзіміз үйлеспесе, өзіміз өнеге бола алмасақ, жастар, шеттің қаңсығын, таңсық етпегенде қайтсін?!

Үнемі қоғамдық көлікпен жүремін. Байқағаным, орын бермеген жастарды көрген үлкендер «Өй, оңбаған, тәрбиесіз, неге үлкенге орын бермейсің?» деп ұрсады. Жастар оған ерегесіп қатты жауап беріп те жатады. Сол үлкендерге «Аға, апа, жастарға ұрсыпаңыз. Орын беру, үлкенге құрмет көрсету дегенді оларға үйретпеген, өз өнегемізбен көрсете алмаған ерсектер, мына сіздер мен біздер кәніліміз» деймін. Шынында да, «мынау адам неге маған ұрсады» деп үлкенге орын беру кейбір жастың ойына кіріп те шықпайды. Неге? Өйткені қай ата-ана, ересек адам, мектепте ұстаз күн сайын балаға «үлкен құрмет көрсет» деп айтып, өз ісімен көрсетеді. Сөзбен де, іспен де үлкенге құрмет жасап жатқанды көріп өскен ұрпақ құрметтеуді үйренеді. Қоғамдық көлікте айналасында қарттар тұрса да, жас аналар балаларын жанына отырғызып алып жатқанын көремін. Соны көріп өскен бала ертең үлкенге құрмет көрсете ме?

Қазақ қоғамындағы отбасылық

құндылықтардың өлшемі - «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген адамгершілік кодекс болған. Осы ұстанымнан ауытқымай, арлы, намысты, рухы биік ұрпақ тәрбиелеген. Аталы сөзге тоқтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен.Бүгінде сол данышпан бабалар аманатына қиянат жасадық. Ұрпағымыздың тамырына өз қолымызбен балта шаптық. Бір өкініштісі, біздің салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылығымыз тек наурызда ғана керек. Одан кейін бір жыл бойы «жылы» жауып қоямыз. Содан кейін жастар дәстүрді қайдан білсін? Құндылықты қайдан көрсін? Ана тілі мен ділін қайдан құрметтесін?

Отыз жыл бойы «күресетін» орталықтар аштық. Жемқорлықпен күрестік, зорлық-зомбылықпен күрестік, суицидпен күрестік. Нәтижесі қандай? Статистика азайды ма? Жоқ, жылдан-жылға көбейіп барады. Ал әр санның артында ұрпақ тағдыры тұрғанын ұмыттық.

Жақында шәкіртім «Ұстаз, өз елімізде жүріп ұлттық құндылық мәселесін, ана тілі мәселесін көтеруден асқан сорлылық бар ма, ол болуы тиіс нәрсе ғой?» деп айтады. Шынында да жас буын өкілінің айтып тұрғаны жүрекке ауыр тиетін сөз. Қарап отырсам, «тәуелсіздік алдық, егемен ел болдық» деп қуанып жүрсек, сол жылдар ішінде қазақты тамырынан айыру, тілі мен ділінен ажырату, ұлтсыздану саясаты жүргізілген сияқты. Бүгінгі қазақ қоғамында неше түрлі теріс ағымдар мен псевдомәдениет жастардың санасын улап, теріс жолға түсіріп жатыр.

Ұрпақ болашағына алаңдайтын қазақтың анасымын. Қоғамда болып жатқан мәселелерге бейжай қарай алмайтын, қоғамның бір мүшесімін. Мемлекеттің болашағын ойлайтын азаматпын, қазақтың қазақы болмысынан ажырап, тамырынан үзілмеуін уайымдайтын қазақпын. Кейде маған біреулер «Неге қара аспанды төндіре бересің?,-деп жатады. Шындығында, қоғамда көп нәрсені көзіммен көргеннен кейін, үндемей отыра алмаймын. Өскелең ұрпаққа, жастарға қатысты нәрседен қашанда хабардар болуға тырысамын. Сондықтан жастар ұйымдастырған түрлі шараларға қатысамын.Көп адам көре білмейтін нәрселерді көріп, естігенде таңырқай қарайтын сәттерде болады.

Бүгінгі қазақ қоғамында неше түрлі наным-сенімдегі топтар мен түрлі ағымдар бар. Бір ұлттың осылай бөлінуі -болашағымыз үшін өте қауіпті. Бүгінгі күні көп нәрседен айырылып қалдық. “Оларды енді түзей аламыз ба” деген ой қатты мазалайды.

Жазда қала маңында ұйымдастырылған жастардың бір шарасына қатыстым. Мені арнайы шақырды. Бардым. Көрдім. Естідім. Шынымды айтсам, Астананың жастары, балалары бар жас отбасылары көп болды. Басым көбі -қазақтар. Бірақ тілі басқа, ділі басқа. Ең қызығы ол шарада түрлі ағымның адамдары қаптап жүрді. Өткізген небір мотивациялық сабақтары да қазақы құндылыққа жат. Айтпақшы, сол шараға танымал адамдар да келіпті. Бәрі-дерлік қазақтар. Соңына дейін қалып, бір-екі сабағына қатысқан бір сіңлім «апай, біз, жастарды жоғалтып жатырмыз. Бір қорқынышты нәрселер көрдім. Болашағымыз үшін қорықтым. Бір түрлі тренерлер болды. Отырып алып, хоровод жасады ма, көздерін жұмып, мәңгіріп отырған топты көрдім» дейді.

Ұлтты біріктіретін біртұтас

идеология болмаса, әркім өз бетімен кетіп, жастардың санасын осылай, кім көрінген улай берсе, мына түрімізбен, тілін жоғалтып, ділінен безген, дүбара ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық құндылықтар - қоғамды жік-жікке бөлген, кереғар ағымдар мен теріс идеологияға қарсы иммунитет екенін қашан түсінеді екенбіз?! Өйткені, өз ұлтының тілін, ділін, мәдениетін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына мықтап сіңірген адамды ешқашан сырттан ешкім адастыра алмайды. Сол себепті біз ел болып, қоғам болып жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіре отырып, оларды отансүйгіш етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық құндылықтар туралы ұғым адам болмысының негізіндегі рухани иммунитет болып саналады. Жастарды теріс идеологиялардан сақтандыру және оларға қарсы иммунитет қалыптастыруымыз үшін дәстүрлі құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді жан-жақты кеңінен насихаттауымыз қажет.

Ұрпақ тәрбиесі – бүкіл қоғамды, мемлекетті терең ойлантуы керек. Ұлтты біріктіретін ұлттық идеология болмай, балабақша, қоғам осылай жіктеле бермек. Сан ғасырлар сынынан өткен қазақтың ұлттық құндылығы, ұлттық тәрбиесінен артық не керек?!

«Қара шаңырақ» ұлттық жобасының мақсаты – сана-сезімі қалыптасқан, елдік мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастырып, өткеніміз бен қазіргімізді сабақтастырып, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңірген заманауи толық кемел тұлғаны тәрбиелеу, ел ертеңі болар өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ұлт тарихына, ата жұртына, ата тегіне, ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятып, Отанын шексіз сүйетін және қазақ болғанын мақтаныш ететін азат ойлы, тәуелсіз ұрпақ тәрбиелеп, ұлттың санасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларды қайта жаңғыртып, жас ұрпақ санасына сіңіру.

Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында қазақ қоғамының ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасат¬ты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасы¬ның өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

«Қара шаңырақ» бұл – кешегі індетте өмірден өткен қазақтың біртуар ұлы, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, рухани ағам Мырзагелді Кемел ағамыздың ақ батасын алған «Қара шаңырақ».

«Қара шаңырақ» бұл – ұлттың болашағын, ұрпағының ертеңін ойлайтын барша арда қазақ қолдайтын ұлттық жоба. «Көп түкірсе – көл» дейтін халықпыз ғой, «ұлтым деген қазақтың ұл-қыздары- жанашырлары» барда, қазақтың Қара шаңырағы шайқалмайтынына және ұлттық құндылығымыздың өшпейтіне сенемін.

Бүгінгі қоғамда «балалар арасындағы қылмыс, суицид, ориентациясыбұзылған балалар, ерте жыныстық қатынас,

электронды темекі және т.с.» кеселдер көп. Бүгінгі ата-ана «өз баламды қалай тәрбиелеймін?» деп дабыл қағуда. Тіпті «ұлды ұл, қызды қыз» етіп өсіру деген тақырып та өзекті. Шеттен келіп жатқан жымысқа дүниелер ұрпақ санасын улап, ұлтымыздың тамырына балта шабуда.

Көзі ашық, санасы ояу жандар «не істейміз?» деп жүрсек, «жаһандану келді, болар нәрсе, болады» деп немқұрайлылық танытып жүргендер де бар.

Иә, рас. Мектептерге көп баратын адам ретінде осындай тенденция барын жасыра алмаймыз.

«Қызыңыз электронды темекі тартып жүр» деп хабарласқан мұғалімге «Қызым екеуміз құрбы секілдіміз, ол менен ешнәрсені жасырмайды, темекіні бірге шегеміз, жұмыстарыңыз болмасын» деген 14 жастағы қыздың анасы жайлы естідім.

Болмаса «Ұлым көрінгеннің аузындағы темекіні алып тартқанша, өзінікі болсын» деп темекі сатып әперетін әке де болады екен.

Мектеп әкімшілігі, ұстаздар «Ата-аналар жұмысбасты, бала тәрбиелеуге уақыттары жоқ» деп жатады. Тіпті айында-жылында болатын ата-аналар жиналысына «уақытымыз жоқ» деп бармайтын ата-аналар бар. Мен қашанда мұндай ата-аналарға «Сіз балаңыздың жиналысына баруға 1 сағат уақыт таппасаңыз, ертең сіз қартайғанда балаңыз сізбен сөйлесуге 1 сағат уақыт таппайтын болады» деймін.

Той тойлауға уақыт тауып, ал өз балаңның тәрбиесіне немқұрайлы қарасақ, жұмыс деп жиналысына бармасақ, бала тәрбиесі кері кетпей қайтпек?!

Тәрбие отбасынан бастау алады. Ата-ананың міндеті – жақсы, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу. Өкініштісі, бүгінде «баласының қарнын тойғызып, киімдерін бүтіндесем» болды деген ата-аналар да баршылық. Бала өз бетімен өсетін арамшөп емес, ол болашақ ел азаматы, мемлекеттің адам капиталы.

«Бала бер, бала берсең, сана бер, сана бермесең, ала бер» деп ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген ұлт едік. Бүгінде ұрпағымыздың көкірек көзіне рухани байлық құя алмай, бойларына адами құндылықты сіңіре алмай отырған, өзіміз, ата-аналар, ересектер.

Қандай жағдайда ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, балаға отбасылық құндылықтарды сіңіруі керек.

Бала тәрбиесінде «бала, мектеп, ата-ана» ынтымақтастығы өте маңызды. Біз бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы, адам капиталы екенін бір сәтте естен шығармауымыз керек.

Елімізде «күресу» мекемелері көп. Оған қыруар қаражат жұмсалады. Одан қорқынышты статистика төмендеп, келеңсіздіктер азаймай отыр. Яғни, бұл нәтижесіз жұмыс. Сондықтан, отбасы институтының мәртебесін көтеруге және ұрпақ тәрбиесі мәселесіне басты назар аударып, нәтижесіз күресті қойып тәрбиемен айналысып, отбасы құндылықтарын сақтайтын шаралар жасайтын кез жетті.

Отбасына, бала құқығы және т.с. толып жатқан комиссия, кеңестер бар. Нәтижесі қандай?

Бала ешкімнен «мені дүниеге әкеліңдер» деп сұраған жоқ. Ерлі-зайыпты үйленгеннен кейін, ұл-қызының өміріне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Тіпті бүгінде үкіметтен атаулы әлеуметтік көмек аламын деп ажырасатындар көбейген. Баласына алимент төлеуден қашып, жалақысын







жасыратын «көкек» әкелер де бар.

Халқымыз баяғыда бір жаманшылықты байқаса, «ырымға жаман» деп жатушы еді. Бұл жағдайлардың барлығы ұлттық тамырымыздан ажырап, бауыр еті баланы бас пайда үшін пайдалануға дейін жеткен, ең сорақы жағдай. Отбасынан осындай өтірікті көріп өскен ұрпақтың ертеңі қандай болмақ?! Әр ата-ана балаға ұшқан ұясында берілген тәлім-тәрбие мен көрсеткен үлгі-өнеге оның өмір бойғы бағыт-бағдар беретін шамшырағы болатынын ұмытпауы керек. «Өрелі балам болсын десең, өзің өнегелі бол».

«Неке және отбасы» заңын реформалап, бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігін арттыру керек. Білім саласына ұрпақтың рухани-өнегелік тәрбиесін мақсат тұтқан, «Ұлттық тәрбиеге» негізделген ұлттық тәрбие жобасы болуы керек.

Мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ ұлтының заманауи бейнесін қалыптастырып, қазақ отбасының озық моделін жасап, отбасы институтының мәртебесін көтерсек, бүгінгі қоғамның дертіне айналған көп өзекті мәселелердің түйіні шешіліп, өскелең ұрпаққа, жастарға рухани-өнегелік тәрбие беріліп еліміздің өркендері сөзсіз.

Тіпті ел ертеңіне алаңдасақ, «Отбасы және тәрбие» министрлігін немесе құзырлы органын құру керек деп ойлаймын. Оған қарынның қамын емес, ұлттың болашағын ойлайтын, нағыз жанашыр, жауапты мамандар тартылсын.

Сонымен қатар, ұрпақ тәрбиесін жалғыз мемлекеттің мойнына артып қоймай, қоғам болып тәрбиелеуді қолға алуымыз керек. Осы бағыттағы үкіметтік емес ұйымдар билік пен қоғам арасындағы «Алтын көпірге» айналуы керек.

Жылдар бойы үкімет қаржыландырып келген, тек «есеппен» айналысқан үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын тексеріп, нақты жұмыс атқарып жүргендермен жұмыс істесе, көптеген мәселелерді шешуге болады. Ұрпақ тәрбиесінде ұраншылдықты қойып, сөзден іске кірісетін кез жетті.

Тағы айтпағым, бүгінде Мәдениет министрлігі арқылы үкіметтік емес ұйымдарға түрлі бағыттағы гранттар бөлінеді. Бірақ солардың ішінде «ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, салт-дәстүрімізді дәріптеу» бағытында бірде-бір жоба жоқ. Осы бағыттағы жобалар жасалуы тиіс. Тағы бір айта кететін жайт, бізде құзырлы мекемелер арасында байланыс жоқ. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде «құрақтай құралып» әрекет етуіміз керек.

Егер ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық институттың мәртебесін көтерсек, іргетасы мықты отбасылардың құрылуына ықпал етер едік. Ал отбасылар берік болса, ұрпағымыздың тәрбиесі түзеліп, мемлекетіміз де өркендеп, дамитыны анық.

Жаһандық өзгерістер заманын¬да отбасы құндылықтарын сақтап қалу қиын болып отыр. Еліміз ажырасудан алдыңғы қатардамыз десем, артық айтпаған болар едім. Отбасының рөлі төмендеп, ата-ананың өнеге-тәлімі азайып,абырой-беделікемітүскендіктен бала сыртқы орта¬ның әсеріне бейім болып отыр. Оған дәлел - қазіргі қоғамда белең алған түрлі келеңсіздіктер – ажырасу, зорлық-зомбылық, безбүйрек ана, жауапсыз әке, ойнақтап жүріп от басқан бойжеткендердің ерте жүктілігі, сәбилердің қоқыстан табылуы,

жасөспірімдер арасындағы түрлі қылмыстар, қарт әке-шешесін қорлау, қарттар үйіне өткізу, бір жыныстылар және басқа да рухани азғындықтықтар. Мұның барлығы өзгеніңқаңсығын таңсық етіп, өзіміздің ұлттық құндылығымыздан безгеніміздің, бабалар аманатына қиянат жасағанымыздың салдары.

Қатігездік, мейірімсіздік, буллинг, суицид, зорлық-зомбылық. Бүгінгі күнгі қоғамның дертіне айналып отыр. Өкініштісі, осыған дейін біз осындай келеңсіздіктермен тек «күресіп» келдік. Ол «күреске» қыруар қаражат жұмсалды. Бірақ нәтиже болмады.

Әлі де күресудеміз. Улы жыланның басын бірден кесіп тастағымыз келеді. Қоғамда болып жатқан зорлық-зомбылық, ажырасу, жемқорлық сияқты кеселдердің түп-тамыры қайдан шықты? Оның себебін ешкім анықтамайды. Көп нәрсенің білімсіздіктен емес, тәрбиесіздіктен жасалып жатқанын ойламаймыз. Мұндай жағдайда ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтау оңай емес. Өзекті өртер ахуалдың алдын алудың тиімді жолының бірі – ұлттың рухани құндылығын жаңғырту және өскелең ұрпақ бойына дарыту. Кеселмен «күреспей», оның алдын алу, яғни тәрбиемен айналысу керек еді. Бұл кеселге қарсы тұрар, иммунитет қалыптастыратын бір-ақ жолы бар және ол жол -балаға ұлттық тәрбие беру, көкірегіне «обал, сауап, ар-ұят» деген ұлттық қағидадан құралған, рухани құндылық құю.

Бүгінде «Зорлық-зомбылық» тақырыбы күйіп тұр. Тіпті жалаулатып еркектің барлығын жау көріп жүргендер де баршылық. Барлық ер-азамат зорлықшыл, абьюзер емес. Ер-азамат біреуміздің ұлымыз, әкеміз, ағамыз, жұбайымыз. Қоғамда түрлі жағдай болады. Қоғамда мұндай келеңсіздіктер орын алмауы үшін «Сенікі, менікі» деп бөлінбей, «Ұрпақ тәрбиесі -ортақ іс» деп, ұлт болашағы жолында билік те, үкіметтік емес ұйымдар да, қоғамда тізе қосып әрекет етсек, ұрпағымыздың рухани-өнегелік тәрбиесіне үлес қосар едік.

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел азаматы, адам капиталы. Балаға берілген тәлім-тәрбие мен көрсеткен үлгі-өнеге оның өмір бойғы бағыт-бағдар беретін шамшырағы екенін бір сәтте естен шығармауымыз керек.

«Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі отбасы институтының мәртебесін көтеруге және ұрпақ тәрбиесі мәселесіне басты назар аударып, отбасы құндылықтарын сақтайтын жұмыспен айналысып келе жатқанына біраз жыл болды.

«Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің «QAZAQ alemi», «Ертегі – ел ертеңі», «Ана алақаны», «Қара шаңырақ», «Өнегелі ата-ана -өрелі ұрпақ», «Ұлағатты ұрпақ», авторлық жобалары аясында Елордамыздағы бала бақшалармен және мектептерімен және мекемелерімен, орта арнаулы және жоғары оқу орындарымен тығыз жұмыс жүріп жатыр. Ата-аналар қауымымен жұмыс істейміз. Түрлі рухани-танымдық іс-шаралар, кездесулер, шығармашылық сайыстар ұйымдастырып, жазда «Сарыжайлау» қазақ ауылын тігіп ұлтымыздың ұмыт болған салт-дәстүрлерін көрсеттік. Қала әкімдігі, аудан әкімдіктері, ҚХА Ассамблеясы ұйымдастырған талай шараларға қатыстық. Қалалық кітапханалармен де тығыз жұмыс істеп келеді. Көптеген рухани-танымдық дәрістер, іс—шаралар, шығармашылық сайыстарды ұйымдастыруға мұрындық

болдық. Жыл сайын мектеп оқушылары арасында «Алаш аманаты – ұрпаққа мұра» тақырыбында сайыс өткіземіз.

Екі жыл қатарынан мәслихат хатшысы Ерлан Қаналимовтың, әкімнің орынбасары Есет Байкеннің және Тіл басқармасының басшысы Сәкен Есіркептің жанашырлық қолдауымен «Қара шаңырақ» ұлттық тәрбие беру жобасы сәтті іске асырылды. Осы жоба көлемінде батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының келіні, этнограф-жазушы Зейнеп Ахметовамен ауқымды рухани кездесу өткіздік. «Балалар жылы» аясында балаларға арналған 50-ден астам іс-шара өткіздік. Былтыр «Баланды қазақша оқыт» деген жобамен 60-қа жуық балабақшаға барып, ата-аналармен рухани-танымдық жұмыс жүргіздік. Ұлттық киім шеберлік сабақтарын өткіземіз. Мекемелерге дәрістер өткіземіз.

Жаз маусымында қаламыздан 30 шақырым жердегі орманды алқапта өз күшімізбен «Сарыжайлау» қазақы ауылын аштық. «Баланы ашамайға отырғызу», «Сырға той» (құлақ тесу), «Тілашар» тәрізді қазақтың ұмыт болған дәстүрлерін көрсеттік. Аталмыш іс-шараларға ақсақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз, қала әкімшілігі, зиялы қауым, жастар мен оқушылар қатысты.

